AIQYN

СЕЙСЕНБІ
№6 (4058)
18.01.2022

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҚОРЫНЫҢ АКТИВТЕРІН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ІСІН ЖАНДАНДЫРУЫ ҚАЖЕТ

Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды. Онда: «Өздеріңізге мәлім, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 11 қаңтарда өткен Мәжілістің пленарлық отырысында «Самұрық-Қазына» қорының қызметін толығымен трансформациялау қажет екенін айтқан болатын.

Қордың портфельді компаниялары – ұлттық экономиканың жүйе құраушы құрылымдары. Сондықтан қазір экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру және ресурстарды ел игілігіне бағыттау жөніндегі міндеттердің орындалуы қордың жұмысына байланысты.

Мемлекет басшысының пікірінше, Үкімет, ең алдымен тым көп басқару құрылымдарын қысқартумен айналысуы керек. Сонымен қатар мемлекет пен халықтың мүддесіне бағытталған табыстарды арттыру үшін «Самұрық-Қазына» мен Үкімет арасындағы өзара қатынастардың сипатын өзгерту қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтен экономиканың негізгі салаларында шынайы бәсекеге негізделген орта қалыптастыруды және қор мен ұлттық компаниялардың сатып алу жүйелерінің ашықтығын қамтамасыз етуді талап етті.

Президенттің пікірінше, мемлекет экономикаға көп араласа бермеуі керек және осы тұрғыда «Самұрық-Қазына» қорының активтерін жекешелендіру ісін жандандыруы қажет.

Осыған орай жекешелендіру кезінде ашықтықты сақтау маңызды. Онсыз экономиканы құрылымдық тұрғыдан қайта құру мүмкін емес. Президент Үкіметтен және Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комиссиядан нақты ұсыныстар мен іс-әрекеттер күтеді», – делінген.

АВИАЦИЯ АҚСАП ҚАЛА МА?

Төтенше жағдайға байланысты әуекомпаниялар халықаралық рейстерді қысқартуға мәжбүр болды. Ұшақтар қаңтарылып, билет сатылымы тоқтады. Қалыпты өмірге келе бастаған қалаларда әуекомпаниялары кестелерін енді ретке келтіріп жатыр. Екінші жағынан елдегі эпидахуал да жығылған үстіне жұдырық болып отыр. Соңғы екі жылдан бері шығыннан көз ашпай келе жатқан әуекомпанияларының жолаушылар тасымалдауын ретке келтіргені дұрыс па, әлде коронавирустың таралу қаупін ескергені жөн бе?

Елде енгізілген төтенше жағдай режимі бірқатар ауқымды әуекомпаниялары рейстерін қысқартып, жұмысын тоқтатып жатыр. Әрине, бұл компанияларға ешқандай кіріс кірмеуіне алып келеді. Сәйкесінше, салығы бар, қызметкерлердің айлығы, ұшақты тұраққа қоятын қаражат та қажет. Жалпы, 2020 жылдан бері отандық авиаиндустрия пандемияның зардабын тартып жатыр. Негізгі табысы жолаушылар ағынына тікелей тәуелді саланың сол жылы барлық рейстері тоқтаған кезде әуекомпаниялары жүк тиеп, репатриациялық рейстер есебінен шығындарын жабуға тырысты. Алайда бір жыл бұрын Air Astana әуекомпаниясы небәрі 33,1 млн доллар табыс тапқан. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 81 пайызға төмен. Qazaq Air әуекомпаниясы болса жыл басталар кезде жоспарлаған табысының 60 пайызына ғана қол жеткізіпті. Ал SCAT әуекомпаниясының жолаушылар тасымалы екі есе қысқарып, орындалмаған рейс билеттерін 100 пайыз қайтарып беруі – компанияның қаржылық жағдайын біршама қиындатты. Ал елдегі соңғы жағдай әуекомпанияларының жұмысын тағы ауырлатып отыр. Оның артынша, коронавирустың қайта күшіне енуі де елендетіп қойды.

(Жалғасы 5-бетте)

БЕКЕТАЕВ ТА КЕТТІ...

Саясаттануда «бір тақырыптың саясаткері» деген ұғым бар. Бұл ұғым Әділет экс-министрі Марат Бекетаевтың қызметін сипаттаса керек. Ол Статимен шайқасқан министр ретінде ел есінде қалды. «Соны жеңсе, миссиясын аяқтап, қызметінен кетер» десті саясаттанушылар. Дәп солай болды. Өткен жыл соңында Бекетаев командасы Статиді жеңгенін жариялады. Әрине, оның білгір министр екенін, оны жаңа Үкіметтен көргісі келетінін айтып, қорғаштаған сарапшылар табылды. Сонда Марат Бақытжанұлы нендей жетістікке жетті, неге жете алмады?

4 ▸▸

ЕСКІ КӨЛІГІН ӨТКІЗЕ АЛМАЙ ЖҮР

Шымкент қаласында ескі көліктерді өткізумен айналысып, нәпақасын тауып жүрген бір топ азамат наразылыққа шықты. Айтуларынша, ескі көліктерді қабылдап жүрген утилизация орталығы жұмысын тоқтатып қойған. Тіпті, көлік бойынша қызмет көрсететін орталық та ескі көліктердің құжаттарын рәсімдеуден бас тартыпты.

ЕСКІ КӨЛІК ӨТКІЗУДІ КӘСІП ЕТКЕНДЕР АЛАҢДАУЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда Мәжілістің жалпы отырысында утильдік алым мөлшерлемесін қайта қарауды тапсырған. «Кәсіпкерлер мен жалпы қоғамда «Оператор РОП» компаниясының қызметі көптеген сұрақ туындатып отыр. Тіпті, осы жеке компанияға қарсы қоғамдық қозғалыс та ұйымдастырылды. Мен Үкіметке «Оператор РОП» утильдік алым жинауын әкімшілендіруді тыйым салуын тапсырамын. Мұнымен шет мемлекеттердегідей мемлекеттік ұйым айналысуы керек. Алымдардың өзіне келсек, олардың ставкасы қайта қаралуы тиіс», – деді Президент.

7 ▸▸

«ҚАСІРЕТТІ ҚАҢТАР»: ШЕРУШІ КІМ, СОДЫР КІМ?

Сонымен, бүлік кезінде көз жұмғандар жайлы ресми дерек шықты. Мәйітханаларға барлығы 225 адам әкелінген екен.

Одан бөлек, 4 353 адам жарақат алған. Олардың 19 полиция қызметкері қаза болған, 3 393-і жарақат алған. Ал қалғандарының арасында содыр, бейбіт азаматтар қанша екені белгісіз. Қандай баптармен іс қозғалып жатыр? Асыра сілтеу болып жатқан жоқ па? Оны билік бүгінге дейін ашып, анықтап айтпай отыр.

ҚОСАҚ АРАСЫНДА КЕТКЕНДЕР КӨП ЕМЕС ПЕ?

Қоғамды да алаңдатып отырғаны осы сұрақтар. Ендеше ақ-қарасын ажырататын дүниелер өте көп. Бұл қыруар шаруаны, табанды тергеуді, прокурорлық зерттеуді, одан қалды объективтің сот бағасын талап етеді. Әрине, аласапыранға толы төрт күнде оқиғаның қалай өрбігені туралы көптеген мәлімет базалары, ақпарат көздері, техникалық жазбалар жеткілікті. Азаматтардың өздері түсіргені бар, көшедегі бақылау камераларына жазылғаны бар – мұның барлығы қаңтар оқиғасының хронологиясын түзуге айтарлықтай мүмкіндік бермек. Әрине, оқиғаның өрбу барысы ырықтан шыққан сәттерде адам құқы бұзылып, халықты тәртіпке шақыру үшін немесе тарату үшін құқық қорғаушылар тарапынан адам өлтірмейтін арнайы құралдар мен техникалар пайдаланылғанын жоққа шығаруға болмайды.

4 ▸▸

РЕВАКЦИНАЦИЯ: ЖАҢА ЕКПЕГЕ ДАЙЫНБЫЗ БА?

Еліміз ковид құрсауына ілікті. Түркістан облысы ғана «сары аймақта». Қалған өңірлер түгел «қызыл аймақта». Кешелі бері 11 мыңнан аса адам вирус жұқтырды. Індеттің таралуына вакцинация ғана тойтарыс бере алатынын ескерсек, халық жаппай вакцинамен «қаруланғанша» тағы біраз уақыт қажет. Ревакцинация қалай жүргізіліп жатыр? Екпе салдыру үшін Бішкек пен Ташкентке неге сабылып жатыр? Олар отандық медицинаға сенбей ме, әлде елде екпе жетіспей отыр ма?

3 ▸▸

ҰРЛАНҒАН ЗАТТАРДЫ САТЫЛЫМНАН ІЗДЕҢІЗ...

Еліміздегі бүлік кезінде сауда орындары мен дүкендерді тонағандардың қарасы көп тәрізді. Себебі жаппай ұрлық Алматыда ғана емес, өзге де қалаларда болған. Кейін тонаушылардың біразы бейнежазбаға түсіп қалғанын көрдік. Ендігі мәселе – ұрланған заттар саудаланып жатқан секілді. Өйткені онлайн саудада әртүрлі жаңа тауарлардың арзан бағамен сатылатыны жайлы күмәнді жарнамалар көбейді. Өкініштісі сол тонаушылардың қатарында қарапайым тұрғындар да бар. Егер ұрлар ұсталған жағдайда оларды қандай жаза күтпек?

КҮМӘНДІ ЖАРНАМАДАН КӨЗ СҮРІНЕДІ

Қазір жарнамаларды қарап отырып, ұрланған не ұрланбағанын анықтау қиын-ақ. Құзырлы органдар үшін бұл өзекті мәселеге айналатын сынай бар. Күдік көбейгесін бе, әйтеуір жарнамадағы сатушылар тауардың сатып алған күні мен түбіртегі бар екеніне сендіретін болыпты. Кейбіреулер тіпті, телефонмен бірге ресми кепілдік талонын да суретке түсіріп, жүктеген. Дегенмен онлайн сауда алаңында әдеттегідей қолданылған, ескілеу заттар емес, жаңа тауарлардың тым көбейіп кеткенін аңғардық. Мәселен, olx.kz сайтын ашып, бүлік болған 5-6 қаңтардан кейінгі жарнамаларды шолдық. Күмәнді жарнамалар, әсіресе Алматы қаласында көп. Тонаушылардың ең көп олжаға кенелген жері осы қала екенін білеміз. 6 қаңтардан бастап жүктелген жарнамадағы тауарлардың дені – жаңа заттар. Қолданылған немесе ескілерін сирек ұшыратасыз. Біразы iPhone телефондарының соңғы, жаңа үлгілерін сататынын айтқан. Құны нарықтағы орташа бағадан 100-150 мың теңгеге арзан. Бұдан бөлек, әлемге танымал брендтердің киім-кешектері мен қымбат иіссулардың да жарнамасы қаптап кеткен.

(Жалғасы 5-бетте)



e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Сенаторлар отырыстың күн тәртібін бекітті

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда 2022 жылғы 20 қаңтарда өтетін Сенат отырысының күн тәртібі бекітілді.

Алдағы палата отырысында депутаттар Мемлекет басшысының Жарлығымен сенатор болып тағайындалған Бейбіт Исабаевты Сенаттың тұрақты комитетінің құрамына сайлау мәселесін қарайды.

Сонымен қатар Сенат отырысында «Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін жасау және қолдану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасы қаралады.

Бұл келісім сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және ынтымақтастықтың өзге де салаларындағы техникалық кедергілерді жоюды, сондай-ақ заттар мен материалдардың стандартты үлгілеріне мемлекеттің қажеттілігін қамтамасыз етуді көздейді.

Сондай-ақ бюро отырысы кезінде Мәжілістен келіп түскен «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы халықаралық салық тәртібін жетілдіру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобалары жұмыс үшін тиісті комитеттерге бөлініп берілді.

Ж.НҰРЛАН

Шығыстағы бүліктің шығыны анықталды

Биылғы жыл басындағы жаппай бейберекетсіздік барысында ШҚО-да 150-ге жуық полицей мен әскери қызметші жараланған. Polisia.kz порталының хабарлауынша, бүлікшілердің жолын кесуге ұмтылған полицейлер мен әскерилерге дүркін-дүркін шабуыл жасап, ұрып-соққан.

Полицейлер қаладағы құқықтық тәртіпті қорғап, жаппай заңсыздыққа қарсы шықты. Террористік шабуылдардың жолын кесу және меморгандардың әкімшілік ғимараттарына жасалған қарулы шабуылдарға тойтарыс беруі нәтижесінде 128 полиция қызметкері мен Ұлттық ұланның 19 әскери қызметшісі жарақат алды.

Сондай-ақ облыс бойынша заңсыз іс-әрекеттер нәтижесінде 26 бірлік қызметтік автокөлік зақымданып, жарамсыз болып қалған.

Өскемен және Семей қалаларының орталық алаңдарына барлығы 5 мыңнан астам адам жиналған. Құқық қорғау органдарының үндеулері мен түсіндіру жұмыстарына қарамастан, лаңкестер әкімшілік ғимараттарға ғана емес, сонымен қатар жолда кездескен мүлік пен автокөлікке де шабуыл жасапты. Шабуыл мақсатында олардың заңсыз сақталған атыс қаруын, ұрып-соғу және жаншып-кесу заттарын пайдаланғаны айтылды. Пиротехникалық және қолдан жасалған тұтану қоспалары қолданылған.

Ерік ЕРДЕНОВ

Қала әкімі қамалды

Маңғыстау облысындағы Форт-Шевченко қаласының әкімі көлікті мас күйде жүргізгені үшін жауапкершілікке тартылды. Шенеунікті 15 тәулікке қамауға алу туралы сот үкімі шыққан.

Әкімді 4 қаңтар күні сағат 11-лер шамасында «Ақтау – Форт-Шевченко» тасжолында Toyota Camry көлігімен келе жатқанда полицейлер тоқтатқан. Шалқыбай Әзірбаевқа медициналық сараптама жасалып, «алкогольдік масаң күйі жеңіл дәрежеде» деген қорытынды шығыпты. Осы оқиға бойынша түсірілген видео әлеуметтік желіде де талқыға түскенін білеміз. Көпшілік әкімнің ерсі қылығын сынап тастады. Сот отырысында ол өз кінәсін мойындамаған екен. Тек сырқаттануына байланысты мойнын спиртпен сылағанын айтып, ақталыпты.

– Түпқараған аудандық сотында Форт-Шевченко қаласының әкімі Әзірбаев Шалқыбайға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабының 1-бөлігімен көзделген әкімшілік іс қаралды. Дәрігер оның масаң күйін алкотест құралын пайдаланып анықтаған. Оған ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алу және жеті жылға көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жазасы қолданылды, – деді Түпқараған аудандық сотының төрағасы Едіге Бегенов.

Мадияр ТӨЛЕУ

Депутаттар біркүндік жалақысын аударды

Сенат пен Мәжіліс депутаттары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорын құру туралы бастамасын қолдап, біркүндік жалақысын осы қорға аударды.

«Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорын құруды ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 11 қаңтарда Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде тапсырған болатын.

Қор денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау салаларындағы нақты проблемалармен айналысатын болады.

Мемлекет басшысы атап өткендей, қорда жиналған қаражат сирек кездесетін ауруға шалдыққан балаларға көмек көрсетуге, қала, аудан, кент, ауылдарда балаларға арналған спорт нысандарын салуға, дарынды балаларға қолдау көрсетуге және басқа да әлеуметтік мақсаттарға бағытталады.

Г. БЕК

Құлыбаев «Атамекеннен» кетті

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Тимур Құлыбаев қызметінен кетті.

Бұл жайында палата сайты Тимур Құлыбаевтың үндеуін жариялады.

«Мен бүгіннен бастап «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының сайланған төрағасы өкілеттігін доғаруды ұйғардым.

Съезд делегаттары мен төралқа мүшелеріне маған сенім білдіргені үшін алғыс айтамын. Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жоғары бақылау органын сегіз жыл бойы басқару мен үшін үлкен құрмет пен жауапкершілік болды.

Қатардағы сарапшылардан бастап аудандық филиалдардың басшыларына дейін «Атамекен» ұжымына бірлескен нәтижелі жұмыс үшін айрықша ризашылығымды білдіремін», – деді Тимур Құлыбаев.

Сондай-ақ ол үндеуінде «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының азды-көпті жетістігіне де тоқталып, палатаның алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Тимур Құлыбаев 2010 жылдың сәуір айында «Атамекен одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасының президиум төрағасы (ҰЭП) болып сайланған болатын.

Бұған дейін алпауыт ұлттық компаниялардың басшылары қызметтен кеткенін хабарлаған болатынбыз.

Ж. НҰРЛАН

«ҚазМұнайГаздан» «қателік» тапты

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті «ҚазМұнайГаз» жұмысындағы заңбұзушылықтарды анықтаған.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және оның жекелеген ведомстволық ұйымдарының активтерін басқару тиімділігіне қатысты 2021 жылдың мамырында аудит жүргізілген.

Аудит барысында Еңбек заңнамасының кемшіліктері анықталып отыр. Бұл 16 сағат көлеміндегі жұмыс уақыты есебімен бір уақытта бірнеше басшылық лауазымдарды біріктіруге мүмкіндік беретіні атап өтілді.

«Басқарма төрағасының орынбасары (қашықтан) қызметі еншілес ұйымның бас директоры лауазымымен біріктірілген», – делінген хабарламада.

Сондай-ақ «Нысандарды салу жөніндегі серіктестік» корпоративтік қоры Түркістан облысындағы амфитеатр құрылысына бөлінген 307 миллион 938 мың теңгеден үнемделген қаражатты қайтармағаны анықталды.

Соталды арыздан кейін корпоративтік қор «ҚазМұнайГаздың» есеп айырысу шотына көрсетілген ақша сомасын қайтарғаны хабарланды.

Г.БЕКЗАТ

Атыс қаруы жасырылған орын

ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаменті мемлекеттік шекарадан екі шақырым жерден атыс қаруы жасырылған орынды тапты, – деп хабарлады ҰҚК баспасөз қызметі.

Жасырын жерден 4 тапанша мен 6 бірлік ойық және тегіс ұңғылы қару түрлері алынды.

Аталған факті бойынша тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

14 қаңтарда «Қордай» (автокөліктік) өткізу пунктінде жеңіл автокөлікпен келе жатқан Қырғыз елінің азаматы ұсталды. Тексеру кезінде көліктің жүк бөлігінен 50 дана литерлік мөр, 4 дана шетелдік паспорт пен 20 дана банк картасы табылды.

Ұсталған азамат Қордай ауданы бойынша АІІБ-ға тапсырылды.

М.ХАҚНАЗАР

САЙРАМНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ БӨЛЕК

Түркістан облысы Сайрам ауданында «Парасат» пікірталас клубы жұмыс істейді. клубта жергілікті басшылар мен халық тұрақты түрде кездесіп, ең өзекті проблемаларды талқылайды. «Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев Сайрам ауданына барған жұмыс сапарында осы тәжірибені барлық аудан, қалада жүзеге асыруды тапсырды.

Қарабұлақ ауылында Сайрам ауданының зиялы қауым өкілдерімен және тұрғындарымен кездесуде өңір басшысы сайрамдықтардың ұсыныстары мен тілектерін тыңдады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен батыс және оңтүстік облыстарды дамыту жоспары әзірленетінін, бұл бастама ел әлеуетін көтеруге оң серпін беретінін атап өтті.

Сонымен бірге төтенше жағдай кезінде бірлігі мен тыныштығын сақтаған Түркістан жұрттшылығының отаншылдығына ризашылығын білдіріп, мұның бәрі жергілікті әкімдіктер мен қоғам мүшелерінің, халықтың арасындағы байланыстың жақсы дәрежеде екенін жеткізді.

– Өңір тұрғындарының ауызбіршілігі мен тәртіп сақшыларының, әкімдіктердің, қоғам белсенділері мен зиялы қауым және ерікті жастардың бірлесе атқарған жұмысы нәтижесінде облысымызда бұзақылық оқиғалары тіркелген жоқ. Бейбіт митингтер болды, бәріне жедел түсіндіру жұмысы жүргізіліп, диалог орнатылды. Нәтижесінде, облысымыздан төтенше жағдай режимі алынып тасталды. Кабинетте отыра берсең, халықпен кездесіп тұрмасаң қоғамдағы кейбір мәселелерді білмей қалуың мүмкін. Сондықтан пандемия қолды байласа да, аудан, қалаларға сапарымда міндетті түрде

ардагерлермен, зиялы қауыммен кездесемін. Кездесуге кәсіпкерлерді, жастарды, қоғам белсенділерін, жалпы айтары бар тұрғындарды да қосып отырмыз. Сөйлесейік, бір-бірімізді тыңдайық, елдің мәселесін бірлесе шешейік деген ойымыз бар. Еркін пікір алмасып, сұрақтарыңызға жауап беруге дайынмын, – деген әкім сайрамдықтардың игі істерін жоғары бағалады.

– Тұрғындары тығыз орналасқан Сайрамда әркім өз тірлігімен айналысып жатыр. Қолы бос жүрген адам жоқ. Өзінің ауылында, қорасында, бақшасында жұмыс істеп жүр. Бірлігін сақтап, тәртіпсіздіктерге қатыспады. Өйткені жұмысы бар. Екіншіден, Сайрам ауданында «Парасат» пікірталас клубы жұмыс істейді. Клубтың көшпелі отырыстары әр ауылда өтіп, келелі мәселелер талқыланады. Біразы сол мезетте шешіліп жатады. Ең бастысы, билік пен халық арасындағы диалог алаңы бар. Сайрам ауданының тәжірибесін барлық аудан, қала қолдануымыз керек. Кәсіпкерлікті дамытуда да үлгі тұтар істері мол. Жоғарыда айтқанымдай, бізде халық пен билік арасында байланыс жақсы. Бірақ әлі де тереңдете түсуіміз керек. Әр әкім өзі басқаратын аумақтың проблемасын, жай-күйін жақсы білетін болса, өз жұмысын дұрыс атқарса, тұрғындармен ашық диалог орната алады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, әкімдіктерге елдің әлеуетін көтеруге бағытталған тапсырмалар берді. Қымбатшылықты тоқтатып, бағаны тұрақтандыру, жұмыссыздықпен күрес, қоғаммен байланысты нығайту және өзге де салаларда жақсы бетбұрыстар болады және осы бағытта жұмысты күшейтеміз. Сіздердің ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңіз назарға алынады, – деді Ө.Шөкеев.

Кездесуде ардагерлер мен зиялы қауым, жастар, жергілікті тұрғындар қоғамдағы түрлі мәселені қаузап, ұсыныстарын жеткізді. Облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов пен ел ағалары да келелі ой қозғады. Елдің бірлігінен асқан құндылық жоқ екенін айтып, Президенттің бастамаларын қолдайтындарын жеткізді.

Облыс әкімі жұмыс сапарында Сайрам ауандық «Жастар ресурстық орталығы» жанынан құрылған Еріктілер мектебі өкілдерімен кездесті. Мұнда 80-ге жуық волонтер тұрақты түрде қайырымдылық іс-шарасымен айналысады. Жастардың бастамасын оң бағалаған әкім олардың жұмысына сәттілік тіледі.

Жұмыс сапарында Өмірзақ Шөкеев Қасымбек датқа елді мекеніндегі MEDICAL PARK-E медициналық орталығының жұмысымен танысты. 2020 жылы ашылған орталықта білікті дәрігерлер елге медициналық көмек көрсетіп отыр. Сонымен бірге өңір басшысы аграрлық техникалық колледждің шеберханасын аралап көрді. Мұнда ауыл шаруашылығы саласының мамандары даярланып, елге қызмет етіп келеді.

Әбілмансұр ЖАСАН

НЕСИЕ «АСТЫНДА ҚАЛҒАН» ЗЕЙНЕТКЕР

Алған несиесін өтей алмай, қарызға белшесінен батқандар бүгінде көп кездеседі. Мұның барлығы қаржылық сауатсыздықтан туындайтыны белгілі. Жуырда «Nur Otan» партиясының Ақмола облыстық филиалының қоғамдық қабылдауына келген зейнеткер 6 бірдей несие алып, оны төлей алмай отырғанын айтып, көмек сұрады.

Ақмола облысы Әділет департаментінің жетекшісі Болат Мұқанов зейнеткермен кездесу барысында оған заң тұрғысынан кеңес беріп, қолдау танытты. Ал зейнеткер несиені өтеуге зейнетақысы түгел кететінін алға тартып, ай сайынғы төлемді азайту бойынша қолдау сұрады. Болат Өміржанұлы осы бағытта зейнеткерге көмек көрсететінін жеткізді. Себебі зейнеткерді түгел зейнетақысынан айыру заңға қайшы.

Атқарған қызметі үшін ақысын ала алмай жүргендер де партиядан қолдау сұрады. Мәселен, көкшетаулық азамат қоғамдық қабылдауға жазылып, арнайы шарт жасасқан азаматтың қайтыс болғанын, сондықтан ауызекі тілде ақысын береміз дегенге сеніп, алданғанын алға тартты. Әрине, өтініш берушіге заң жүзінде ақысын алып беру қиынға соғатыны анық. Десек те, аңғалдық танытқан азаматқа барынша қолдау көрсетілетіні айтылды.

А.ЖАСАНҰЛЫ

РЕВАКЦИНАЦИЯ: ЖАҢА ЕКПЕГЕ ДАЙЫНБЫЗ БА?

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Еліміз ковид құрсауына ілікті. Түркістан облысы ғана «сары аймақта». Қалған өңірлер түгел «қызыл аймақта». Кешелі бері 11 мыңнан аса адам вирус жұқтырды. Індеттің таралуына вакцинация ғана тойтарыс бере алатынын ескерсек, халық жаппай вакцинамен «қаруланғанша» тағы біраз уақыт қажет. Ревакцинация қалай жүргізіліп жатыр? Екпе салдыру үшін Бішкек пен Ташкентке неге сабылып жатыр? Олар отандық медицинаға сенбей ме, әлде елде екпе жетіспей отыр ма?

Наима НҰРӘЛІ

ҚОСЫМША 6,5 МИЛЛИОН ДОЗА САТЫП АЛЫНАДЫ

Қазір елімізде аурудың күрт өсімі байқалып, тәулігіне 2 мыңға дейін жаңа жағдай тіркеліп отыр. Бір күн бұрын 13 мыңнан аса адамнан анықталған. Соның ішінде елордадағы эпидахуал қиын. Бір күнде Нұр-Сұлтан қаласында 4 639 адам дерт жұқтырған.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният елімізде халықты вакцинациялау және қайта вакцинациялау үшін шамамен 6,5 млн дозаны қосымша сатып алу бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын хабарлаған. «Бүгінде 14 мыңнан астам инфекциялық төсек-орында медициналық көмек көрсетіп отыр. 3 000-нан астам науқас ем алуда. Ал елімізде қосымша 50 мыңға дейін төсек-орынды ашуға дайындық бар», – деді Ажар Ғиният.

Елімізде жасөспірімдерді, жүкті және бала емізетін әйелдерді вакцинамен қамту үшін министрлік Pfizer компаниясының Comirnaty вакцинасының 4 млн 230 мың дозасын сатып алған. Бүгінде 600 мыңға жуық адам ревакцинациядан өтті. Вакцина алғаннан кейін 6 ай сайын ревакцинация жүргізілуі керек. Бұл жаңа шыққан штамдарға иммунитетті әрдайым көтеріп отыруға мүмкіндік береді. Өйткені қазір коронавирус түсін өзгертіп жатыр, сол үшін жаңа штамдарға ағзаның иммунитетін қалыптастыру үшін ревакцинация жасаудың маңызы зор.

Қазір вакцинациялау 16-18 жастағы жасөспірімнен басталған. Ол тегін жүргізіледі. Республика бойынша 2 000 115 адамды коронавирусқа қарсы Pfizer вакцинасымен егу жоспарланған. COVID-19 ауруының алдын алу мақсатында 12 жастан бастап және одан үлкен жасөспірімдер, жүкті әйелдер (16-37 апта аралығында) және бала емізетін аналар (босанғаннан кейін 42 күннен бастап) Pfizer вакцинасын салдырып жатыр. Жасөспірімдерді, жүкті әйелдерді және бала емізетін аналарды вакцинациялау бойынша ақпаратқа сәйкес, Pfizer вакцинасының I компонентін 353 537 жасөспірім, 24 255 жүкті әйел, 61 700 бала емізетін әйел қабылдады. Вакцинаның II компонентін 182 257 жасөспірім, 11 886 жүкті әйел, 31 853 бала емізетін әйел салдырған. Жалпы, Қазақстанда коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаның I компонентін 9 062 324 адам, II компонентін 8 620 751 адам алды.

Сонымен қатар елімізде 60 жастан асқан адамдар Pfizer вакцинасымен ревакцинациядан өте алады. Бұл туралы мемлекеттің бас санитар дәрігері Ерлан Қиясовтың жаңа қаулысында жазылған. Құжатқа сай жасы 60-тан асқан азаматтарға да ревакцинация кезінде екпенің осы түрін таңдауға рұқсат етілген. COVID-19-ға қарсы ревакцинацияны елдің әрбір азаматы жасата алады. Қазақстанда тұрып жатқанына үш айдан асқан шетелдіктердің де екпені алуына мүмкіндігі бар. Ревакцинацияға екпенің алғашқы курсын алғанына 6 ай өткен азаматтар жүгіне алады. Алайда ревакцинация вакцинацияға қарсы көрсетілімдері жоқ адамдарға ғана рұқсат етіледі. Pfizer тек медициналық мекемелерде қолжетімді, оны сауда орталықтарындағы вакцинация пункттерінен алу мүмкін емес.

Вакцинаның екі компонентін, оған қоса үшінші дозаны салдыру коронавирусты жұқтырудан 68,8 пайызға, ал індеттің ауыр формада өтуінен 98 пайызға қорғайды. Италияның денсаулық сақтау институты мамандарының мәлімдемесі – осы. Айта кеткен жөн, қазір елде «омикрон» басым штамға айналды. Деректердің 80 пайызы осы мутациямен байланысты. Науқастардың дені – 20 мен 29 жас аралығындағы азаматтар. Жасы 80-нен асқандар арасында вирус жұқтыру оқиғалары аз. Сарапшылар мұны қарттар арасында вакциналаудың жоғары деңгейімен түсіндіріп отыр. «Омикрон» штамының ерекшелігі – «дельта» штамынан таралу жылдамдығында. Жоғары тыныс жолдарында «омикрон» штамы «дельта» штамына қарағанда 70 есе жылдам көбейеді. «Омикрон» штамы әлсіздік немесе шаршау, дене температурасының 38 градусқа немесе одан жоғары көтерілуі, бас ауруы, тәбеттің төмендеуі, жөтел сияқты белгілермен сипатталады.

«БОЛАШАҚТЫҚТАРДЫҢ» ҚОЛЫ PFIZER-ге ЖЕТТІ

Елімізде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мақұлдаған екпені алуға қатысты мәселе туындаған. Бұған дейін бір ғана қытайлық Sinopharm халыққа қолжетімді еді. Алайда қазір ол жоқтың қасы. Былтыр халықаралық ұйымның тіркеуінен өткен Pfizer вакцинасын ақылы негізде алуға болатыны айтылған болатын. Алайда оның қашан салына бастайтыны әлі күнге дейін белгісіз. Салдарынан қаңтар айында оқуға аттанатын «Болашақ» бағдарламасының студенттері көрші қырғыз елі мен Өзбекстанға барып екпе салдыруға мәжбүр болды. Биыл 878 үміткерге «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалған. Біздің елге кештетіп жеткізілген екпеге Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан бізден бұрын қол жеткізген. Бізге былтыр жыл соңында ғана Comirnaty Pfizer/BioNTech вакцинасының 4 миллион дозасы жеткізілді. АҚШ-тағы сабағына асығып отырған студенттер Өзбекстан мен Қырғыз Республикасынан екпе алып келген. Екпенің екінші дозасын осы айдың 18-19-на алуы керек. Бұл мәселені бұған дейін де көтергенбіз.

Жақында Білім және ғылым министрлігінің өтініші бойынша коронавирус инфекциясының пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қаралып, мәселе оң шешімін тапты. Нәтижесінде, «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарды ДДҰ мақұлдаған екпемен вакцинациялауға рұқсат берілді.

«Аустралияға, Канадаға, Жаңа Зеландияға, АҚШ-қа және Жапонияға оқуға немесе тағылымдамадан өтуге баратын «Болашақ» стипендиаттарының оқуларына кедергі келтірмеу үшін Денсаулық сақтау министрлігіне ДДҰ мақұлдаған вакцинаны беру мүмкіндігін қарау туралы хат жолдадық. Аталған елдердің аумағына кіру үшін ДДҰ мақұлдаған препараттардың екі дозасымен толық вакцинациялау қажет екенін атап өткен жөн. Ұсынысымыз мақұлданып, BIBP/Sinopharm вакцинасын алуға рұқсат берілді», – деді Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

РЕВАКЦИНАЦИЯДАН ӨТСЕ ДЕ, ВИРУС ЖҰҒАДЫ

Кез келген жастағы адам сырқаттануы мүмкін бұл вирустық ауру адам өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіреді. Сол себепті олардың алдын алу маңызды. Бұл ретте вакцина әзірлеуші ғалымдардың бірі, профессор Леспек Құттымбетов «аурудан құтыламыз десек, әр 6 ай сайын вакцина салдырып отыруымыз қажет, індеттің бетін тек белсенді вакциналау шарасы қайтара алады» деп отыр.

«Ревакцинация жасаған адам аурудан толық қорғанады. Әрине, иммундық жүйесі дұрыс болса ғана. Кейбір адамдарда басқа хроникалық аурулардың салдарынан иммундық жүйесі осал болады да, кез келген вакцинаға қажетті деңгейде жауап бере алмайды. Вирус жиі өзгеретіндіктен, амал жоқ, вакцина салып, иммунитетті қажетті деңгейде ұстап отыру керек», – дейді Л.Құттымбетов.

Азаматтар ревакцинациядан өтсе де ауырып қалуы мүмкін. Себебі әр адамның иммунитет жүйесі әртүрлі. Сонымен, «омикрон» штамы «дельтаға» қарағанда аса қауіпті емес, бірақ вакцина салдырмағандар үшін үлкен қатер төндіреді. Бүгінде әлем бойынша 90-нан аса мемлекет халқының әлі 40 пайызын толық егіп үлгермеген. Африкадағы вакциналау деңгейі тіпті төмен. Қара құрлықта тұратын адамдардың 85%-тен астамы бірінші дозаны салдырмаған. Ковид жұқтырып, ауруханаға түсіп жатқандардың басым бөлігі – препарат алмағандар. Жағдай осылай жалғаса берсе, «омикроннан» да қауіпті жаңа штамм таралуы мүмкін.

Қазір коронавирус салдарынан аптасына 50 мың науқас көз жұмып жатыр. Бұл – сұмдық көрсеткіш. 36 елде вакцина салдырғандардың үлесі халық санының 10 пайызына да жетпейді. Қорытындысында, ұдайы мутацияға ұшырағыш кеселге тойтарыс беруде вакцинация бірінші амал болса, кейінгі амал – карантин тәртібін қатаң сақтау. Бұл – жаманат індетке қарсы жұмылған жұмыр жердің жалпы ұстанымы. Себебі жоғарыдағы дерек жаһандық пандемиямен күресте ұлы жеңістің ауылы әзірге алыс екенін көрсеткендей.

> *Вакцинаның екі компонентін, оған қоса үшінші дозаны салдыру коронавирусты жұқтырудан 68,8 пайызға, ал індеттің ауыр формада өтуінен 98 пайызға қорғайды. Италияның денсаулық сақтау институты мамандарының мәлімдемесі – осы. Айта кеткен жөн, қазір елде «омикрон» басым штамға айналды. Деректердің 80 пайызы осы мутациямен байланысты. Науқастардың дені – 20 мен 29 жас аралығындағы азаматтар. Жасы 80-нен асқандар арасында вирус жұқтыру оқиғалары аз.*

БЕКЕТАЕВ ТА КЕТТІ...

Саясаттануда «бір тақырыптың саясаткері» деген ұғым бар. Бұл ұғым Әділет экс-министрі Марат Бекетаевтың қызметін сипаттаса керек. Ол Статимен шайқасқан министр ретінде ел есінде қалды. «Соны жеңсе, миссиясын аяқтап, қызметінен кетер» десті саясаттанушылар. Дәп солай болды. Өткен жыл соңында Бекетаев командасы Статиді жеңгенін жариялады. Әрине, оның білгір министр екенін, оны жаңа Үкіметтен көргісі келетінін айтып, қорғаштаған сарапшылар табылды. Сонда Марат Бақытжанұлы нендей жетістікке жетті, неге жете алмады?

Айхан ШӘРІП

ҮКІМЕТТЕГІ ЕҢ ЖАСЫ ӘРІ «ЕҢ КӨП ЖАСАҒАНЫ»

Кезінде М.Бекетаевқа журналистер «ең жас» деген айқындауышты жиі қосатын. 2007 жылы ол Үкіметтегі ең жас вице-министрге айналды: 29 жасында аса жауапты қызметке тұрып, Әділет министрінің орынбасарына айналды. Ол кезде бұл ведомстволардың құзыры күшті еді, тіпті соттардың үстінен қарайтын. Кейін биліктің сот тармағы Үкіметтен тәуелсіз құрылымға айналды. Бірақ қазақстандықтар ескі ғадетпен судьялар үстінен бәрібір осы органға шағымданып жүрді. Мысалы, 2016 жылы Әділет министрлігінің екі шылбыр, бір тізгінін Бекетаев қолға алғанда бір топ оппозиция өкілі сот жүйесін реформалауға, судьяларды жауапқа тартуға қатысты ашықхатты адасып, соған жолдапты.

Forbes 2013 жылы 36 жасар Әділет вице-министрі Марат Бекетаевты «жаһандық FTSE100 құрамындағы ең жас директор» деп атады: ол Әділет министрінің орынбасары ретінде ENRC компаниялар тобының директорлар кеңесіндегі Үкімет өкілі еді. The Times дерегінше, FTSE100 жаһандық рейтингіне кіретін әлемдегі алпауыт компаниялардың (көгілдір фишкалар) директорлар кеңесінде сол кезде мұндай жас мүше болмапты. Орташа жас әлем бойынша 57 жасты құраған.

2016 жылғы 13 қыркүйекте сол кездегі Президент Н.Назарбаев «М.Бекетаев Әділет министрі болып тағайындалсын, ол Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары қызметінен босатылсын» деген Жарлық шығарды. Осылайша, 39 жасар Марат Бақытжанұлы Бақытжан Сағынтаев Үкіметіндегі ең жас министрлердің біріне айналды. Содан бері ол Министрлер кабинетінің үш отставкасын бастан өткеріпті.

Ал Мамин Үкіметінде Марат Бекетаев «ең көп қызмет еткен» министрге айналды: себебі Сағынтаев командасындағы министрлердің көбі 2019 жылғы 25 ақпанда жасақталған жаңа Үкіметке кірмей қалды, кіргендері кейін отставкаға кетті. Тек темірқазық секілді Бекетаев қана тапжылмай отырды. Содан кейбір сарапшы оны тіпті «Қазақстанның басқарушылық элитасының өкілі» санай бастаған. Оның 2022 жылғы жаңа Үкіметке кіретініне сенімділер де болды.

Дегенмен әділет органындағы Бекетаев дәуірі аяқталды. Ол құзырлы ведомстволарды 2016 жылғы 13 қыркүйектен 2022 жылғы 11 қаңтарға дейін, 1 947 күн басқарыпты. Әрине, егер мерекелер мен демалыс күндерін алып тастаса, 1 308 жұмыс күні шығады. Аз емес. Осы уақытта іргелі өзгерістер, ірі реформалар жүргізуге болатын еді.

ӘДІЛЕТТІҢ АРҒЫ ЖАҒЫ, БЕРГІ ЖАҒЫ...

Бекетаев «заманында» Әділет министрлігі жүзеге асырған жаңғыруларды жаман-жақсы, жетістік-кемістік деп аражігін белгілеп, нақты ажырату қиын. Себебі теріс жақтары да, оң тұстары да қатар, қабыса жүреді. Мысалы, ведомство Президент Қ.Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде жария еткен саяси реформаларын ілгерілетті: үш топтамасы үшін заң жобаларын әзірледі. Нәтижесінде, сайлау, саяси партиялар туралы ұлттық заңнама тұғырлы түрде өзгерді. Атап айтқанда, 2020 жылы «Саяси партиялар туралы» заңға түзетулер жаңа партия құру үшін тіркеу талабын 40 мыңнан 20 мың адамға дейін екі есе төмендетті. Сайлау арқылы партиялардың Мәжіліске өту шегі 7%-дан 5%-ға дейін кемітілді. Елде көппартиялылық процесін одан ары дамыту, сондай-ақ мемлекеттік шешімдерді әзірлеу мен қабылдау процесіне жаңа партияларды, өзге саяси күштерді тарту үшін тың мүмкіндіктер, жаңа өрістер ашылды. Бұл – сөзсіз, позитив.

Елдегі соны демократиялық бетбұрыстарға шабыттанса керек, бастамашыл топтар екі жылдай бұрын бірден 9 партияны тіркеуге өтініш берген. Әділет министрлігі сан алуан сылтау айтып, әртүрлі жөнсіздік тауып, бұл істі сиырқұйымшақтандырып жіберді. Бүгінде елімізде бірде-бір жаңа партия тіркелмеген. Оппозициялық күштер заңды өрісте жұмыс істей алмай, көлеңкеге кетті, қоғам ішінде Үкімет пен әкімдердің әрекетсіздігіне деген ашу-ыза жабулы қазандай бұрқ-сарқ қайнады, наразы адамдар ақыры көшелерге лап қойды. Бұл – сөзсіз, негатив.

Бекетаев тұсында Жылжымайтын мүліктің мемлекеттік кадастрын құру жұмысы серпін алды. Азаматтар 1 ғана өтінішпен жер теліміне құқығын тіркеуге мүмкіндік алды. Қызмет көрсету мерзімдері қысқатылды, қазақстандықтардың осы іске жұмсайтын шығыны кеміді.

Сонымен бірге бұл саланың да былыққа батқаны әшкереленіп жатыр. Терроризммен күрес аясында 2017 жылғы 7 қаңтарда «Халықтың көші-қоны туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңдарына енгізілген өзгертулер күшіне енді: олар пәтер иелерін өзіне ұзаққа келген қонақтарды немесе үйді жалға алған пәтершілерін тіркеуге міндеттеді. Елде тұрақты және уақытша тіркеу енгізілді. Содан бері бесжылдық артта қалды. Проблема шешілер емес. Себебі елімізде, әсіресе ауыл-аймақта көптеген тұрғын үй тіркеуге қойылмаған. Тіпті, тіркелгендердің өзінің «мекенжай тіркелім коды» (РКА-код) дұрыс емесі анықталды: содан қазақстандықтар келген қонағын немесе жалдаған пәтершісін тіркей алмай, сандалып жүр. ХҚКО-лар мұның Әділет органдарының кінәсі екенін нұсқайды. Ал жергілікті Әділет департаменттері жүйедегі ақауларға сілтеме жасап, қылар қайраны жоғын ашық айтады.

ЖСО-ЛАР БАССЫЗ КЕТКЕН ДӘУІР

Бекетаев дәуірінде сот актілерін орындату процесі түбегейлі өзгерді. Бұрындары мемлекеттік приставтардың жетіспеуі кесірінен, әсіресе экономикалық бағыттағы сот үкімдерінің басым көпшілігі орындалмайтын. Приставтар орнына жеке сот орындаушылары институты енгізілді. Бұлар соттың әр үкіміне кәдімгідей таласатын болды. 2019 жылы «Атқару өндірісінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» іске қосылып, ол барлық банктің деректер базасымен интеграцияланды. Нәтижесінде, ЖСО-лар берешек азаматтардың қаржылық институттардағы қаражатына, есепшоттарына онлайн түрде, үйінде отырып-ақ бұғат қоя алатын болды. Сот актілерін орындау тиімділігі еселеп артты. Бұл – оң жағы.

Сонымен бірге ЖСО-лар халықты қан қақсататын болды. Соттың бір шешімі бойынша бірнеше ЖСО айыпталушының банктік шоттары мен карталарына бұғат салатынды шығарды. Содан заңды немесе жеке тұлға біреуі бойынша есептескенімен, басқалары өз қызметіне негізсіз ақы талап етіп, бұғаттан босатпаған дерегі бар. Бұдан бұқара мен бизнес әбден ығыр болды, кейбірі «ызалы жүрек, долы қол» жағдайына жетті. ЖСО-лар делдалдармен ымыраласып, борышкерлерден тартып алған жылжымайтын мүлікті, құнды дүниелерді жарты бағасынан арзанға сатып, жаңа бай көзін тапты. Бұл 2021 жылғы 20 қыркүйекте Алматыдағы қанды қырғынға әкеліп соқтырды: жан-жағына қарыз болған Игорь Дужнов үйін мәжбүрлеп алуға келген 5 адамды атып тастаған еді.

Айтпақшы, Бекетаев тұсында ендірілген жаңа тетікке сәйкес, енді ЖСО ғана емес, нотариустер де «Е-нотариат» ақпараттық жүйесі арқылы атқару құжаты бойынша электронды форматта бұғаттап тастай алады.

Әділет министрлігінің мақтанышына айналған тағы бір жүйе – халыққа тегін заңгерлік көмекке қатысты. Мемлекет кепілдендірген заңгерлік көмек көрсету сапасын арттыру үшін 2020 жылғы наурыздан республика көлемінде «Е-заң көмегі» ақпараттық жүйесі енгізілді. Адвокаттарды қайырымдылық көмек көрсетіп, ара-тұра ақшасы жоқ адамдарды да тегін қорғауға міндеттейтін батыстық Pro bono жүйесі өмірге жолдама алды.

Алайда бұл тетік толыққанды жұмыс істемейді, адвокаттардың міндетті тегін көмек көрсетуін тиісті бақылау жоққа тән. Ал кепілдендірілген мемлекеттік заңгерлік көмек аясында тағайындалған 1 мыңдай тегін адвокаттың жетіспейтіні байқалады. Әсіресе, биылғы қасіретті қаңтардан кейін құқық қорғау және арнаулы органдар тәртіпсіздік пен радикалды топтардың шабуылдарына қатысқандарды мыңдап ұстай бастағанда тегін түгіл ақылы адвокаттар тапшылығының туындағаны айтылды.

МИНИСТРЛІК ЕЛДІҢ ҚАНША ҚАРЖЫСЫН ҚОРҒАДЫ?

2021 жылғы 17 қарашада Әділет министрлігі Қазақстан Статимен ұзақ жылғы шайқасында басты әрі маңызды жеңіске жеткенін жариялады. Бельгияның апелляциялық соты $530 млн сомасында арбитраждық шешімді мойындаудан бас тартты және оны орындау талабын жойды. Бельгия соты Статилердің арбитраждық трибуналды және оның шешімін қараған Швеция соттарын алдады деген байламға келді. Жасы биыл 70-ке келген молдовалық бизнесмен Анатол және оның ұлы Габриель Статилер Қазақстаннан миллиондарды өндірте алмайды.

Жалпы алғанда, 2003-2020 жылдар аралығында Әділет министрлігі шетелдік арбитраждарда мемлекетіміздің мүддесін 23,6 миллиард доллар көлемінде қорғап қалыпты. Одан бертінде Стати сыртында, Gold Pool, World Wide Minerals, Alhambra бойынша мемлекет мүддесі 1,44 миллиард долларға қорғалған.

Алайда бүкіл әлем бойынша соттасуға, талап-арыздар енгізіп, қорғануға, шетелдік қымбат консультанттарды, халықаралық лицензиясы бар адвокаттарды, басқа да ақыл-кеңес беруші сала мамандарын жалдауға қанша миллиард доллар шығындалғанын – жалпы есебін министрлік сол бойы жарияламады. Мысалы, қазақстандық экономистер Статилермен шетелде соттасуға өте көп ақша жұмсалғанын есептей келе Әділет министрлігін ары қарай шайқасудан бас тартуға шақырыпты.

Бірақ Қазақстанның абыройын әбден бүлдірген Статилерді жеңу Марат Бекетаев үшін принципті іс болды. Ол өткен жыл соңындағы Бельгия сотының тарихи шешімін төл жеңісіндей қабылдады.

«Біз Статилерге және олардың сыбайластарына қарсы ұзақ жылғы күрестегі осы маңызды шешімді қуана қарсы алдық. Тек Статилер үшін ғана емес, сондай-ақ олардың кәсіби кеңесшілері үшін де аталған шешімнің салмақты салдары болады! Статиге көмектесетіндер мен дем беретіндердің, соның ішінде Дэниел Чапмен мен оның американдық Argentem Creek компаниялар тобының шегінерге жолы қалмады», – деп ұрандатты сол кездегі министр Марат Бекетаев.

Енді Статиден және басқа да Қазақстанмен соттасушылардан шығынды өндіртіп алумен Әділет министрі Қанат Мусин айналысуы тиіс.

Жаңа министрге сондай-ақ бассыз кеткен ЖСО-ларды тәртіпке келтіру, олардың жауапкершілігін арттыру, бақылауды күшейту; жаңа партияларды тіркеуге жәрдемдесіп, саяси наразылықтың көшеден құқықтық өріске көшуіне ықпал ету; өмірлік қиын жағдайға және ауыр қаржылық дағдарысқа киліккен азаматтарға, соның ішінде «қасіретті қаңтар» оқиғаларына қатысы бар қазақстандықтарға және шетелдіктерге тегін кешенді әлеуметтік заңгерлік көмек көрсету сияқты жылдар бойы қордаланған мәселелерді шешуге тура келмек. Жалпы, атауында «әділет» деген асыл ұғым, басты құндылық бар министрлік бір тақырыппен шектелмей, өзіне жүктелген барлық салаға кешенді қарағаны жөн.

«Қасіретті қаңтар»: шеруші кім, содыр кім?

Сонымен, бүлік кезінде көз жұмғандар жайлы ресми дерек шықты. Мәйітханаларға барлығы 225 адам әкелінген екен. Одан бөлек, 4 353 адам жарақат алған. Бұл цифрлардың ішінде белгілісі, 19 полиция қызметкері қаза болған, 3 393-і жарақат алған. Ал қалғандарының арасында содыр, бейбіт азаматтар қанша екені белгісіз. Қандай баптармен іс қозғалып жатыр? Асыра сілтеу болып жатқан жоқ па? Оны билік бүгінге дейін ашып, анықтап айтпай отыр.

Нұрлан ҚОСАЙ

ҚОСАҚ АРАСЫНДА КЕТКЕНДЕР КӨП ЕМЕС ПЕ?

Қоғамды да алаңдатып отырғаны осы сұрақтар. Ендеше ақ-қарасын ажырататын дүниелер өте көп. Бұл қыруар шаруаны, табанды тергеуді, прокурорлық зерттеуді, одан қалды объективті сот бағасын талап етеді. Әрине, аласапыранға толы төрт күнде оқиғаның қалай өрбігені туралы көптеген мәлімет базалары, ақпарат көздері, техникалық жазбалар жеткілікті. Азаматтардың өздері түсіргені бар, көшедегі бақылау камераларына жазылғаны бар – мұның барлығы қаңтар оқиғасының хронологиясын түзуге айтарлықтай мүмкіндік бермек. Әрине, оқиғаның өрбу барысы ырықтан шыққан сәттерде адам құқы бұзылып, халықты тәртіпке шақыру үшін немесе тарату үшін құқық қорғаушылар тарапынан адам өлтірмейтін арнайы құралдар мен техникалар пайдаланылғанын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ жағдай ушыққан сәтте жаппай тәртіпсіздіктердің соңы содырларға қарсы қақтығысқа ұласты. Адам шығыны бұған дейінгіден көбейе түсті. Бұл бүгінгі келтіріп отырған 225 адамның, соның ішінде 19 тәртіп сақшысының қазасына алып келді. Ендеше мұны жасаған кімдер? Содырлар ма, шерушілер ме, полиция ма? Оны анықтау — бүгін-ертең аяқтала қоятын оңай шаруа емес. Сондықтан да тергеу барысында да адам құқықтарының сақталуын прокурорлар қадағалауы қажет. Әзірге аңғарып отырғанымыз, бұл іске Президенттің өзі тікелей араласуға мәжбүр болып отыр.

Жағдайды ушықтырмауға, жазықсыз жандарды нақақ күйдірмеуге тапсырма берілген соң полиция қызметкерлерінің заңға қайшы әрекеттеріне шағым түсіру үшін тәулік бойы жұмыс істейтін ІІМ Өзіндік қауіпсіздік департаментінің телефондары, Министрдің блогы, «Ашық-алаң» фронкеңселері, өңірлік қауіпсіздік қызметтері халыққа жария етілді. Оның тәртіп сақшыларының репрессивті арынына қаншалықты тоқтау салғаны белгісіз. Бірақ желідегі желдей ескен жаманатты хабардан көз сүрінеді, көңіл түңіледі.

«Мені кеше сағат күндізгі 12.00-ден кешкі 18.00-ге дейін қалалық Полиция басқармасының ауласында орналасқан «Динамо» спортзалында бірнеше рет ұрып-соқты. СОБР-дан бастап жай өтіп бара жатқан полиция қызметкерлеріне дейін барлығы да ұрды. Ал ұсталғандарды бір-бірден алып кірген спортзалдың шомылатын бөлмесінде тіпті асқан қатыгездікпен қатты соққыға жықты», – дейді шеруге қатысқан атыраулық Сергей Шутов.

Сергейдің одан кейінгі әңгімесін тыңдасаң, төбе шашың тік тұрады. 11 қаңтар күні үйінен алып кеткеннен оны тек 13-і күні кешке бір-ақ шығарған екен. Соққы тимеген жері қалмаған. «Динамодағы» «тозақтан» жоқ дегенде 400 адам өтті», – дейді ол. Соңында сот оны 2 күнге қамауға үкім шығарған екен. Сондағысы ешқандай тәртіпсіздікке қатыспаған, тек 4 қаңтар күні сағат түскі 15.00-ден 17.00-ге дейін Исатай-Махамбет атындағы орталық алаңда тұрып, Әнұран айтқанда қосылып, одан соң үйіне қайтып кеткен. Құдай сақтап, бұл оның аман қалғаны екен. Болмаса әлі күнге хабарсыз жоқ жоғалып кеткендер, ауруханадан операциядан шыққан бойдан тергеуге әкетіліп жатқандары қаншама? Ал тергеудің қандай сипатта өтетіні ендігісі белгілі болып отыр. Оны ауруханадан енді шыққан адам көтере ала ма, алмай ма, белгісіз! Тіпті, Алматының мәйітханасынан қолындағы кісені шешілмеген күйінде табылған археолог Ерлан Жағыпаровтың өлімі жұртшылықты бір дүр сілкіндірген оқиға болды.

«Мен барлығын кеш білдім. Оның 6 қаңтар күні кешкі сағат 19.00-дердің кезінде орталық алаңның маңынан жоғалып кеткенін, кейін мәйітханадан жүрегінен оқ тиген өлі күйінде табылғанын естідім. Оның кім екенін анықтаған кезде ол қолындағы кісені де шешілмеген күйінде мәйітхананың дәлізінде еденде жатыр екен. Үстінде азаптаған соққылардың іздері бар. Атқан адам кеудесіне тақап тұрып атқан. Бұл қалай болғаны? 1937 жылғы репрессия қайта басталғаны ма? Неге жазықсыз адамды азаптап қана емес, атып өлтіреді? Кінәлілер жазасын алуы тиіс!», – дейді оның бауыры Нұрлан Жағыпаров.

Мұндай жаныңды түршіктіретін деректерді әлеуметтік желіде көптеп кездестіруге болады. Оның өзінде де, бұл – жария болып жатқандары. Ал айтылмай жатқандары қанша екенін құдай біледі. Ендеше полиция қызметкерлері тарапынан мұндай өшпенділік кімге не берері белгісіз? Халықты да ашындыра бергеннен ештеңе ұтпайтынымыз анық! Жалпы, онсыз да ушығып тұрған саяси-қоғамдық ахуалды асқындыра берудің соңы тәуелсіздігімізге де қауіп әкелетінін ескергеніміз абзал.

ОБЪЕКТИВТІ ТЕРГЕУ ҚАЖЕТ

Негізі, Президенттің Бас прокуратураға ұсталғандардың кінәсінің қаншалықты екенін анықтап, ауыртпалығы жоқ болған жағдайда жазасын жұмсарту туралы тапсырма бергеніне, ІІМ-мен жиын өткізгеніне қарап, күштік құрылымдар тарапынан жасалып жатқан шектен шығушылықтан жақсы хабардар екенін аңғаруға болады. Содырлардың бетін қайтара алған күштік құрылымдар бейбіт тұрғындарға да сол қарқынмен қырғидай тиіп жатқан сияқты.

Сондықтан Алматыда болған оқиғаны тергеуді Ішкі істер министрлігінің құзыретінен алып, ведомствоаралық топқа тапсырған жөн. Ол топқа тергеу объективті жүруі үшін қоғам өкілдерін де қосу қажет. Бұл тұста ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатты кетіп жатқанының бір себебі – мұндағы әр бір қатысушының кінәсін қысқа уақытта әрі дәл анықтау мақсатында жүзеге асырылып жатқан болуы мүмкін. Өйткені қаза тапқан 225 адамның полиция қызметкерлерін қоспағанда бәрінің бірдей ажалы күштік құрылымдардың оғынан болуы мүмкін бе? Терроршылардың да оғынан өлгендері бар. Тіпті, сол күні қаланы тонауға шыққан мародерлердің де жолында кездескенді аямағаны ақиқат болар? Ендеше өзгенің мүлкін тонап, елімізге 112 млрд теңге залал келтірген тәртіпсіздік ақтауға болмайтын бассыздық. Сол себепті қаңтар қасіреті қанша ауыр болса да, әділ төрелігі үшін әрбір қатысушы тиісті жазасын алуы қажет. Өйткені жаппай тәртіпсіздіктер болған уақыт Президенттің комендант-тық сағат жариялаған күні болатын. Оны халық та, әскерилер де сақтаған жоқ. Бұл мәселенің ушығуына әкелді. Ал мұндағы бүлдіріп-қирату да, ұрлық та, мародерлік те, өртеу де, ұрып-соғу да, ең ақыры адам өлтіру де – заңға қайшы қылмыс!

Расында да, оқиға өткен төрт күннің ішінде не болғаны, қалай болғаны, кімдердің содыр екені, кімдердің бейбіт тұрғын екені әлі толықтай ашылып айтылған жоқ. Билік тек там-тұмдап, қоғамның тамырын басып, көңілін орнына түсіру үшін ғана ақпарат беріп жатыр. Қалай болғанда да, сол күндері интернетті үзіп, күллі Қазақстанды ақпараттық блокадада ұстағаны секілді мемлекеттің ақпараттық вакуум жағдайын сақтап қалуы қоғамның көңілін көншітіп отырған жоқ.

Терроризммен қарсы күрес, бейбіт шеруді басып-жаншу құралына айналып кетпеуі керек. Екіншісі, алматылықтардың теріс пиғылды содырлардың ойыншығына айналып кеткені. Олар қалың нөпірді пайдаланып, ел арасына ылаң салып, хаос тудырып, билікті төңкеріп тастағысы келді. Оны өткен оқиғалардың там-тұм естеліктерінен аңғаруға болады. Сондықтан да қаза тапқандардың қалғаны сол содырлар екенін де жоққа шығаруға болмас.

«Лаңкестер мен содырлар іште дайындалды ма, әлде сырттан келді ме, оларды жұмсаушылар мен нақты ұйымдастырушылар кімдер деген сұрақтарға жауап әділет пен ақиқат үшін маңызды. Бірақ мәселенің түбіріне үңілетін болсақ, наразылыққа себеп болған, бай мен кедейдің арасын алшақтатып, әлеуметтік шиеленісті ушықтырған, елді жегідей жеп, халықтың ашынуына алып келген жемқорлық, байлық пен биліктің аз топтың қолында шоғырлануы екені айдан анық. Сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған экономикалық реформаларда экономика мен қаржы ағымдарының жариялылығына, жемқорлықты ауыздықтау мәселелеріне арнайы басымдық берілуі керек. Өз кезегінде бұл бағытта нәтижелі күрес жүріп, халық үніне құлақ асатын мемлекет қалыптасуы үшін саяси реформалар қажет», – дейді қоғам қайраткері Алихан Байменов.

Сонымен, соңғы ақпараттарға сүйенсек, терроризмге қарсы операция басталғалы Алматы қаласында ішкі істер органдарына жалпы саны 2 601 адам жеткізілген. Олардың 240-тан астамы қарақшылар және жаппай тәртіпсіздікке қатысқандар. Олар қамауға алынды. 84 адам комендант-тық сағатты бұзғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылған.

«7 қару-жарақ дүкеніне шабуыл жасалғаны белгілі, онда 1347 қару ұрланған. Осыған байланысты арнайы тергеу тобын құрып, қабылданған шаралардың арқасында 127 қару мен 4 077 оқ-дәрі тәркіленді. Оның 58-і аңшылық дүкеннен ұрланғаны анықталды. Сондай-ақ 4 000-ға жуық оқ-дәрі тәркіленді. 265 адам ауруханаларда жатыр. Оның 67-сі ауыр халде. 225 науқастың 175-і медициналық ұйымдарда қайтыс болды», – деді қалалық ПД бастығы Қанат Таймерденов Алматы қалалық жедел штаб отырысында. Комендатура бастығының мәліметінше, өткен тәулікте «102» пультына 329 хабарлама келіп түскен.

aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Ұрланған заттарды сатылымнан іздеңіз...

(Басы 1-бетте)

Осы кезде iPhone 13 pro 256Gb телефонының қорабы ашылмаған жаңасын 600 мың теңгеге сататынын көрсеткен жарнаманы көзіміз шалды. Негізі, бұл тауардың нарықтағы орташа құны – 690-760 мың теңге шамасында. Сатушыға хабарласқанымызда «түбіртегі жоқ, телефонды жаңа жылға сыйлыққа алғанмын, нақты алатын болсаңыз, көрсетемін» деген жауап естідік. Бұл жай бір жарнама ғана, ал онлайн сауда алаңы сағат сайын жарнамалармен толығып жатқанын аңғардық. Қызығы сол, тауарлардың түгелі дерлік – жаңа.

Бұл жерде екінші мәселенің тиегі ағытылады. Жарнамада көрсетілген тауарларды сатып алғысы келетіндер көбеюі мүмкін. Бірі болмаса, екіншісі ұрланған зат сатып алып, сан соғып қалмасына кепіл жоқ. Ал заңгер Эльмира Асаубаева тауардың қайдан келгеніне анық көз жеткізу үшін «әуелі фискалдық түбіртек пен алатын заттың құжатын талап ету керек» дейді. Дегенмен желідегі жарнамада қазақстандықтардың тауарға фискалдық түбіртек немесе құжат тіркеуі бұрыннан сирек кездесетін жағдай екен. Яғни, бізде көбі сатып алу-сату шартын жасау арқылы өздерін қорғамайды. ҚР АК 406-бабының 1-бөлігінде «сатып алу-сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) мүлікті (тауарды) екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне беруге, ал сатып алушы қабылдауға міндеттеледі. Бұл мүлік (тауар) үшін белгілі бір соманы төлеу керек (бағасы)» делінген. Бірақ іс жүзінде мұндай шартты ешкім жасамайды. Ең болмаса сатушыдан белгілі бір тауарды шынымен сатып алушыға келісілген сомаға сатқанын мәлімдеген қарапайым жазбаша түбіртек те алынбайды. Бұл жағдайда заңгерлер қауіпсіздік үшін жарнамаларды, сатушының хаттарын сақтап алған жөн екенін айтады.

«Кез келген ұялы телефонның немесе жабдықтың өзінің сериялық нөмірі болады. Бөлшек саудада әрбір өнім осы нөмірмен есептеледі. Сайтта сатылатын өнімді сатып алғыңыз келсе, мыналарды сұрауға құқылысыз: төлқұжат, өнім сапасының сертификаты, фискалдық түбіртек. Осының бәрі сатушының тауарды өзі сатып алғанын дәлелдейді. Сатушы тауарға қоса тіркелетін барлық құжаттарды ұсынуға міндетті», – дейді заңгер Элмира Асаубаева.

Құзырлы органдар күмәнді жарнамаларға қатысты қандай да бір тексерісті бастағаны жайлы әзірге еш дерек жоқ. Бірақ назардың бәрі тонаушыларға ауғаны белгілі. Әйткенмен олардың өзі толық табылмай жатқаны қынжылтады.

ТОНАУШЫЛАР АЙЫППҰЛМЕН ҚҰТЫЛА МА?

Иә, тонаушылар түгел табылмады. Ұсталғандары да аз емес. 8 қаңтарда Ішкі істер министрлігі Қазақстаннан қашып кетпек болған үш жүзге жуық адамды шекара маңынан ұстаған. Олардан қыруар ақша, қару және материалдық бағалы заттар тәркіленген. «Автокөлікпен және жаяулатып елден қашпақ болған үш жүзге жуық адам мемлекеттік шекараны кесіп өтіп жатқанда ұсталды. Олардан ұялы телефондар, сондай-ақ отандық және шетелдік валютадағы қыруар қаражат тәркіленді», – деп хабарлаған еді министрлік. Ал 15 қаңтарда Алматыдағы «Белый ветер» дүкенінен 7 ноутбук пен 12 ұялы телефон ұрлаған 22 жастағы азамат қолға түсті. Оған қоса «Азия Парк» сауда үйіндегі бутиктерді тонап, оны жасырын сатпақшы болған үш қыз бен екі ер адам ұсталды. Бұлардың қатары әлі де толыға түсетін сияқты.

Бұдан кейін тонаушылардың тағы бір легі оңтүстіктен шықты. Түркістан облысындағы «Ынтымақ» блок-бекетінде Алматы қаласындағы тонауға қатысқан деген күдікпен екі адам ұсталды. Олардан түрлі техникалық құралжабдықтар табылған. Көп ұзамай осы өңірден тағы 7 адамның ұсталғаны мәлім болды.

Жалпы, ұсталған ұры Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 191-бабы бойынша «Тонау» фактісімен сотталады. Бұған қоса Қылмыстық кодекстің 192-бабында айтылған «Қарақшылық» пен 196-баптағы «Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу» фактісімен де жауапқа тартылуы мүмкін. Көбіне бұл баппен ұсталған азаматтар қылмысы анықталған жағдайда үлкен айыппұл төлеп құтылады екен. Негізі, Қазақстан заңнамасы бойынша тонаушылар үшін ең ауыр жаза «Қарақшылық» бабында қарастырылған. Қылмыскер жазаланған жағдайда 3 жылдан астам абақтыда отыруы мүмкін. Ал «Тонау» бабы бойынша қылмыскер 2 000 АЕК-ке дейін, шамамен 6,1 миллион теңге айыппұл төлеуге міндеттеледі.

Осы жолғы тонаушылық біршама тақырыптың бетін ашты. Мәселен, Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова бейбіт тұрғындардың ұрлыққа түсуін елдегі кедейлікпен байланыстыруға тырысты. Ол бұған дәлел ретінде елімізде 1 миллионнан астам бала кедейшілікте өмір сүріп жатқанын келтірген. Жөн сөз, әйткенмен бұл тонаушыларды ақтауға себеп емес. Қайткен күнде де қылмысқа барғандар жазалануы тиіс. Бұл тұста құзырлы органдар біз сөз еткен күмәнді жарнамаларға тексеріс жүргізуді ұмыт қалдырмаса екен дейміз.

М.ТӨЛЕУ

Жол мұраты жету емес пе?

Қарағанды облысында қыс мезгілінде жиі жол жабылады. Боран болса да, жауын жауса да – осы. Ескерту жасалып жатқаны. Ауа райының қолайсыздығынан жол апаттары да кейінгі кезде көбейіп кетті. Оған мысал, бір мезетте 8 көліктің соқтығысуы. Мұның көбі жаңа салынған магистральде болғаны да рас.

8 КӨЛІК СОҚТЫҒЫСТЫ

«Жол мұраты – жету» деп қазақ тегін айтпаған. Алайда көлік тізгіндеген адамға қыстыгүні бір жерден екінші мекенге жету қиямет қайымға айналғандай. Арқаның бораны мен аязы, кейінгі кездегі жауын жол жабылуына әсер етуде. Осындайда «жолға жауаптылар қайда қарайды?» деген сұрақ туындайды.

Қарағанды облысы Полиция департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, өткен демалыста Қарағанды-Теміртау тасжолында ауа райының қолайсыздығына байланысты 8 көлік соқтығысқан. Зардап шеккендер жоқ, дегенмен автобустар көктайғақ пен қатты жел салдарынан жол шетіне аударылып қалған. «Оқиға салдарынан зардап шеккендер жоқ. Қарағанды-Теміртау автожолында сегіз көлік соғылды. Автобустар көктайғақ пен қатты жел салдарынан жол шетіне аударылып қалған. Абай қаласы мен Еркін кенті арасында бір жағдай тіркелді. Автобус жол шетіне шығып, содан кейін бір жағына құлаған. Барлық факт тіркелген. Олар бойынша тиісті сараптама тағайындалды, нәтижесі бойынша процессуалдық шешім қабылданады» делінген Қарағанды облысы Полиция департаменті баспасөз қызметінің хабарламасында.

АҚЫЛЫ ЖОЛДА ТАҒЫ ШЕКТЕУ

Әрине, ауа райы қолайсыздығына байланысты жол жабылады. Бірақ неге екені белгісіз, ақылы жолдарда да осы шектеу. Жолдарды ақылы ету мақсатында 2015 жылы «Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын (жол учаскесін) ақылы негізде пайдалану туралы» заң қабылданған болатын.

Кейін ақылы жолдан түсетін қаржы қайда жұмсалады деген сұраққа 2020 жылдың қыркүйек айында «QazAvtoJol ҰҚ» АҚ Ақылы автомобиль жолдары дирекциясы филиалының директоры Марат Сүлейменов:

– Қаражат ақылы жолдарды ұстауға кетеді. Жол – жыл бойы демалыссыз жұмыс істейді. Ақылы жолдарға төленетін ақша қыста ақылы жолды тазартуға, қар жинайтын құрылымдарды орнатуға, қосымша қарауға және күзетуге жұмсалады. Көктемде су тасқынына байланысты жұмыстарға, су өткізгіштерді тазарту жұмыстарына жұмсалады. Жаз мезгілінде жол белгілерін қолдану, жол белгілерін ауыстыру, қоқыстарды жинау, демалыс орындарын тазарту және басқа жұмыстарға жұмсалады, – деген болатын «Instagram әлеуметтік желісіндегі @kazautozhol парақшасының тікелей эфирінде.

ГАГАРИНҒА БАРА АЛМАЙ ҚАЛДЫҚ

Қарағандыдан 40 шақырым жерде Гагарин атындағы ауыл бар. Сол мекеннің тұрғыны Әлібек деген азамат Қарағандыдан әзер жеткенін айтты.

– Қарағандыдан шыққаннан кейін Теміртауға соқтым. Ол жақтағы жұмысымды аяқтап, ауылға қайтуым керек болды. Сол күні жол жабылды. Бір күн бойы көлігімді қаңтарып, қаладағы қонақүйде жатуыма тура келді. Ол жол ақылы, неге жауын болса, жол жабылады, соған таңым бар. Миллиардтаған теңге қоржындарына түсіп жатыр емес пе? Ақылы болғаннан кейін құм ба, тұз ба сеуіп, көктайғақты еріту керек қой. Ал боранда мүлде жол жабылады. Өйткені қар тазалап жүрген техника аз. Арнайы жол тазалаушылар бар емес пе? – дейді Әлібек.

Бұл сөзге басқа да жол жүргізушілер де қосыла кетті. Мысалы, индрайвермен такси қызметін атқарып жүрген Мадияр деген азамат Қарағандыдан астанаға дейін төрт адам алғанын, жол жабық болғаннан кейін артқа қайтқанын, сол күні жолаушылардың ақшасын қайтып бергенін, соның кесірінен шығынға батқанын айтады.

P.S.

Ақылы автомобиль жолын салу – автомагистраль, көпір және туннельдердің құрылысы мен жөндеу жұмыстарын қаржыландырып, пайдаланудың сапасын жоғарылатуды қамтамасыз етудің тиімді тәсілі екені рас. Сонымен қатар ақылы жол еліміздің қазынасынан жолды күтіп ұстауға бөлінетін шығынды азайтады. Дегенмен ақша жинауды ғана білетіндердің, қыс боран мен көктайғақта жолды жабумен шектелетініне қалай ғана қынжылмайсың?!

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Авиация ақсап қала ма?

(Басы 1-бетте)

Жадыра МҮСІЛІМ

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

ЖЫРАҚТА ТУРИСТ ҚАЛЫП ҚОЙДЫ

Елдегі жағдайға байланысты енгізілген шектеу шаралары алынды. Қазір жұрт қалыпты өмірге оралып, жүк және жолаушылар тасымалы қайта жанданып, ұшақтар көкке көтерілді. Террорлар мен лаңкестердің шабуылынан кейін жұмысы тоқтаған Алматы әуежайы өз жұмысын қайта бастап, алғашқы жолаушылар Алматы — Нұр-Сұлтан бағытында сапар шегіп жатыр. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, Ішкі және халықаралық рейстер әуе компанияларының ұшу кестесіне сәйкес сағат 8.00-ден 21.00-ге дейін жүзеге асырылып жатыр. Бірақ кейбір халықаралық рейстер кестеден кешіксе, шетелдерден қайта алмай отырған мыңдаған жерлесіміздің алды біртіндеп келе бастады. Десе де, бірнеше мыңнан астам қазақстандық елге жете алмай отыр. Олардың басым бөлігі – жаңа жылды Біріккен Араб Әмірліктері мен Тайландта қарсы алған жерлестеріміз. Бүгінде халықаралық қатынастар қайта қалпына келтіріліп, ұшақтар Дубай, Мәскеу секілді қалаларға ұшып жатыр. Туристердің алғашқы легі осы лайнерлермен қайтып келеді. Мысалы, бір ғана Грузияда 550-ге жуық жерлесіміз қалып қойған. Өйткені ол елдегі үш бірдей әуе компаниясының рейстері шегерілген.

БІР КҮНДЕ 96 РЕЙС ТОҚТАТЫЛДЫ

Өткен аптадан бастап Нұр-Сұлтан қаласынан және қалаға Мәскеу, Минск, Дубай, Варшава, Франкфурт, Ташкент, Пхукет, Новосибирск, Коломбо, Анталия, Кутаиси қалаларына 27 халықаралық рейсті орындау басталды. Сондай-ақ Ақтау, Шымкент, Түркістан қалаларынан Гоа, Ыстамбұл, Махачкала, Грозный қалаларына 8 халықаралық рейс жүріп жатыр. Ал Алматы және Ақтөбе қалаларынан Ыстамбұл, Дубай, Мале, Ташкент, Мәскеу, Самарқанд, Коломбо, Шарджа, Баку, Нүкіс қалаларынан/қалаласына 20 рейс орындалмады. Жалпы, еліміз бойынша барлығы 35 рейсті орындау жоспарланып, 20 рейс тоқтатылды. Lufthansa және Tukrish Airlines әуекомпанияларының рейстерін қоспағанда, Нұр-сұлтан қаласындағы халықаралық әуе қатынасы толығымен қалпына келтірілді. Сонымен қатар 12 қаңтарда барлығы 202 рейс жоспарланған (Air Astana және Fly Arystan – 135, SCAT – 45, Qazaq Air – 22), оның ішінде 8 рейс кешіктіріліп, 96 рейс тоқтатылды. Рейстердің кешігуі мен тоқтатылуының негізгі себептері Алматы қаласы әуежайының жабылуына байланысты туындаған. Соңғы мәліметтер бойынша ТЖ енгізілгенге дейін ішкі рейстер 57 бағыт күніне 172 рейс бойынша аптасына 1 202 рейс жиілігімен орындалды. Ал бүгінде отандық әуекомпаниялардың деректері бойынша 42 бағыт бойынша 157 рейс жоспарланған, оның ішінде 25 рейс тоқтатылды. Ведомствоаралық комиссияның шешіміне сәйкес 24 елге (Түркия, БАӘ, Өзбекстан, РФ, Грузия, Қырғыз Республикасы, Беларусь, Украина, Германия, Тәжікстан, Оңтүстік Корея, Нидерланд, Польша, Армения, Ұлыбритания, Венгрия, Мальдив, Таиланд, Әзірбайжан, Кувейт, Шри-Ланка, Сауд Арабиясы, Үндістан, Вьетнам) аптасына 242 рейс жиілігімен 68 маршрут бойынша халықаралық рейстер кезең-кезеңімен жаңартылып жатыр.

ІНДЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҢА ЕРЕЖЕ ШЫҚТЫ

Соңғы мәліметтер бойынша Qazaq Air әуе компаниясы 15 қаңтардан бастап шетелден келетіндер үшін ережелер енгізді. Коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешіміне сәйкес, елге шет мемлекеттерден келетін барлық жолаушы (оның ішінде екпе алғандар) COVID-19-ға ПТР сынамасының теріс нәтижесі бар анықтаманы ұсынуы тиіс. Анықтама алған күннен бастап Қазақстан шекарасынан өткен сәтке дейін 72 сағат бойы жарамды болып саналады. Егер COVID-19 үшін ПТР сынамасының теріс нәтижесі бар анықтама болмаған жағдайда барлық жолаушылар, соның ішінде Қазақстан азаматтары ұшып шығу әуежайынан бортқа жіберілмейді. Компания мамандары төтенше жағдайдан кейін әуе рейстерінің кейінге қалдырылуы салдарынан болған шығыны әлі есептеліп бітпеген.

ШЫҒЫН ЕСЕПТЕУ БАСТАЛАДЫ

Сондай-ақ SCAT, Air Astana мен FlyArystan компаниялары әуе рейстерін қалыпқа келтірген соң алдыңғы шығындардың есебіне кіріспек. «Бүгінде SCAT Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Көкшетау, Петропавл, Түркістан, Қарағанды, Өскемен, Тараз, Мәскеу, Нүкіс, Үргенш, Ыстамбұл, Тбилиси, Ереван, Грозный және Махачкалаға рейстерді орындайды. Рейстер кестесі ТЖ режимінің аясына қарай оңтайландырылады. Төтенше жағдай режимін енгізу себебінен тоқтатылған рейстер жолаушылары үшін компания ұшу күнін 2022 жылғы 31 қаңтарға дейінгі кезеңге өзгерту немесе билет құнын толық қайтару мүмкіндігін ұсынады. Сондай-ақ 2022 жылғы 5-14 қаңтар аралығында SCAT әуекомпаниясы Пхукет, Джида, Фукуока, ГОА және Шарджадан репатриациялық рейстермен Қазақстанға 2 000-нан астам қазақстандық оралды. Әуе рейстерінің мәселесін шешіп алған соң компания шығындарды да есептеуге кіріседі», – дейді компанияның баспасөз қызметі.

ӘУЕКОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ШЫҒЫНЫ

Соңғы екі жылдан бері коронавирус індетінің салдары әуе компанияларына қатты тиіп отыр. Өйткені індеттің тарауын тежеуге талпынған барлық елдер ұшып-қонуға тосқауыл қойып келеді. Азаматтық авиация комитетінің мамандары пандемияның таралуы мен рейстердің тоқтатылуы саладағы статистикалық көрсеткіштерге теріс әсер етіп жатқанын айтады. «Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) бағалауы бойынша тасымалдау көлемін 2019 жылғы деңгейге дейін толық қалпына келтіру 2023 жылдан ерте болмайды. IATA сондай-ақ 2020 жылы жолаушылар ағыны деңгейінің төмендеуінен сала кірістерінің жоғалуын 252 млрд АҚШ долларына бағалайды. Отандық азаматтық авиация ұйымдарының шығындары алдыңғы жылы шамамен 350 млрд теңге. Шығындарды қысқарту және отандық авиакомпаниялар мен әуежайлардың банкроттығын болдырмау мақсатында Үкімет салық жеңілдіктері бойынша мемлекеттік қолдау шараларының пакетін қабылдады. Оның ішінде кейбір салықтардың, әлеуметтік төлемдердің мөлшерлемелеріне «0» түзету коэффициентін белгілеу, ұшақтарға және резидент еместерге импортталатын қосалқы бөлшектерге ҚҚС төлеу бойынша босату, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемнен және жер салығынан босату және басқалар кіреді. COVID-19 салдарын азайту және авиакәсіпорындарға көмек көрсету жөніндегі жұмыс жалғасатын болады», – дейді комитеттің баспасөз қызметі. Қазір комитет елдегі эпидемиологиялық және төтенше жағдай кезіндегі шығындардың әлі есептеліп жатқанын, алдағы уақытта ол бойынша әуе қатынастарын қалпына келтіру шаралары қабылданатынын жеткізді.

Сарапшылардың сөзіне сенсек, әуе рейстерін тоқтату жалғаса берсе, жаһандық авиация ақсап қалуы мүмкін деген болжам жасайды. Экономист Атамұрат Шәменовтің айтуынша, әуежай жұмысының тоқтауы әуе компаниялары ғана емес, мемлекет үшін де шығын екенін айтты. Бұл Қазақстан экономикасына теріс әсерін береді. Өйткені біздің елге келетін инвесторлар мен туристердің тоқтауы елге келетін ақшаның азаюына септігін тигізеді. Екінші жағынан егер бұл шетелмен қарым-қатынас азайса, елдің имиджіне де теріс әсерін тигізеді. Сондықтан экономист төтенше жағдайды көпке созбай, сақтықпен халықаралық әуе рейстерінің жұмысын қолға алған жөн. Экономист Жангелді Шымшықовтың айтуынша, әуе кеңістігінің мәселесі оң шешімін табу үшін мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлініп, қолдау да көрсеткені дұрыс деп санайды. Өйткені әуе рейстерін көбейту мемлекеттің өзіне қажет.

Табысты емес, тыныштықты ойла, кәсіпкер!

«Қайғылы қаңтар» оқиғасы талай жүрекке жара салғаны анық. Десе де, еліміз терроррға тойтарыс беріп, халық қалыпты өміріне қайта орала бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың дер кезінде жариялаған төтенше жағдай режимі өз жемісін берді деуге толық негіз бар. Сондай-ақ екі жетіге алкогольдік өнімдердің саудасына салынған тыйым да тәртіп орнатуға өз септігін тигізгендей. Алайда Президент тапсырмасын барлық өңір толықтай орындады ма? Әлде ұлтын емес, құлқын ойлаған кәсіпкерлер ащы суды жасырын сатты ма? Ал ең маңыздысы, мұндай бизнесмендер билік тарапынан бақыланып, жүгенсіз кеткендер жазаланды ма?



Жалпы, ақиқаты әлі толық ашылмаған қаңтардағы қанды қақтығысты көзбен көргендердің дені алаңға шыққан жастардың басым бөлігі араққа сылқия тойып алғанын айтады. Тіпті, есірткі шегіп, есі кеткендер көп болды дейтіндер бар. Мұның ақ-қарасын құзырлы органдар анықтап жатыр. Алайда бүліктен кейін Президент тапсырмасымен барлық өңірде төтенше жағдай кезінде ішімдік сатпау туралы тыйым салынды. Бұл Жарлық әр өңірге әртүрлі жеткендей. Олай дейтініміз – Түркістан облысы бірінші күннен тексерісті күшейтіп, алкоголь өнімдерін сатқандарға тәртіптік жаза қолданса, Жамбылда бұл жұмыстар баяу басталды. Тіпті, жауапты мекемелер бір-біріне сілтеп, кәсіпкерлердің жұмысы бақылауға алынбағанын анық аңғартты. Мәселен, Мемлекеттік кірістер департаментіне хабарласқанымызда, олар кәсіпкерлерді жоспарсыз тексеру олардың құзыретіне кірмейтінін айтты. Егер жаппай тексеріс жүргізсе, бұл жемқорлық сипатындағы әрекет болатын көрінеді. Ал жергілікті әкімдік жанынан құрылған мониторинг тобы күні кеше ғана бұл жұмыстарды қолға алған. Әкімдік берген ақпаратқа сүйенсек, №1 мониторингілеу тобының тексеру нәтижесінде Smokingtime «Досанов», «Диана» және «Муналиева К.Н» жеке кәсіпкерлігі мен кафе иелері төтенше жағдай кезінде шектеулі жұмыс уақытын сақтамауы және алкоголь өнімдерін сатқаны анықталған. Осылайша, төтенше жағдайға қарамастан, Жамбылда алкогольдік өнімдердің саудасы тоқтамай тұр. Әрине, көпке топырақ шашпаймыз. Ірі сауда орындары сөрелерін ащы сусындардан босатса, кафелер мен ықшамаудандардағы шағын дүкендер алкоголь өнімдерінің саудасын ашық жүргізді. Сондай-ақ тамыр-танысына ішімдікті тығып сатқандар да табылды.

Негізі, төтенше жағдай кезінде сауда орындарының жұмысына шектеу қойылғандықтан, саудасын жүргізіп қалуға тырысқандар көп болған. Алайда тәртіпке бағынғандар да бар. Сондай дүкен желісінің бірі – «Дәмді себет».

– Тараз қаласы бойынша 31 дүкеніміз болса, соның 5-і аудандарда орналасқан. Төтенше жағдай жарияланған уақытта ішімдікті сөрелерден алып, сыра салынған тоңазытқыштардың аузына құлып таңдық. Алайда төтенше жағдай кезіндегі мұндай тыйымды түсініп жатқан халық аз. Алкогольді сусындарды сұрап келушілердің саны күн санап артып жатыр. Сатушыларымыз жағдайды барынша түсіндіріп, төтенше жағдай уақытында сатылмайтынын айтады.

– Әрине, ішімдік пен темекі наннан кейін ең көп сатылатын тауар болғандықтан, тыйымның бизнеске келтірер кері әсері болады. Алкогольді сатылымнан мүлде алып тастау мүмкін емес, – дейді «Дәмді себет» дүкендер желісінің директоры Алмазбек Шегебаев.

Байқап тұрсақ, ішімдік іздеп, дүкендерге бұқараның өзі қайырылады екен. Саудагерлерді алкогольді тығып сатуға итермелеп жатқан да халықтың өзі сияқты. Әйтпесе, тұтынуша болмаса тауар қайдан өтсін? Біз бұл қағидаға көз жеткізу үшін төтенше жағдай режимін бұзбай, кешкілік такси жалдап, қаладағы бірқатар сауда орнын аралап көрдік. Үлкен сауда орындарынан ішімдік таппағаннан кейін такси жүргізушісінен алкоголь өнімін сататын орынды тауып беруін өтіндік. Ол ықшамауданның ішіне кіріп, бір шағын дүкенді көрсетті. Сатушыға ақшасын санап беріп едік, екі шөлмек арақты қолымызға ұстата салды. Сол жерде журналист екенімізді таныстырып, кәсіпкердің тірлігі төтенше жағдай кезіндегі тыйымға қайшы келетінін түсіндірдік. Күнделікті күнкөрісі осы дүкенге қарап отырғанын айтқан тұрғын төтенше жағдай режимі аяқталғанға дейін алкоголь өнімін сатпауға уәде етті. Негізі, мұндай дүкендер аудандарды айтпағанның өзінде қала шеңберінде жетерлік.

«Ішімдіксіз ауыл» акциясын алғашқылардың бірі болып Жамбыл өңірі бастағанын ел жақсы біледі. 2020 жылы Жамбыл мен Қордай аудандарындағы ауылдар алкоголь өнімдерінен бас тартып, кәсіпкерлер арақ-шарап сататын сертификаттарын өз еркімен өткізген. Мұндай игі бастамаға 5 аудан бірдей үн қосып, 12 ауылдағы 126 дүкен иесі арақ сатуды тоқтатқан болатын. Осындай ауылдағы ағайыннан тараздық кәсіпкерлер де үлгі алса, нұр үстіне нұр болары хақ.

– Жалпы, жұрт қонақ күтерде дастарқанына арақ емес, қымыз қоюды әдетке айналдырса, жақсы болар еді. Біз өзгерісті өзгеден күтпей, өзіміздан бастауымыз керек. Күні кешегі бүлікте қазақтың бірінші кезектегі жауы арақ болды. Ішімдікке лықа тойып алған жастар бүлік шығарып, соңы қайғылы оқиғалармен аяқталды. Егер өскелең ұрпақ осы жат әдеттен аулақ болса, еліміз де, балаларымыз да аман болар еді. Сондықтан мен жамбылдықтарды арақ-шараптан түбегейлі бас тартуға шақырамын, – дейді көпбалалы әке Сырым Базарбаев.

Әрине, байыбына бармай жатып байбалам салудан аулақпыз. Алайда төтенше жағдай кезінде тығылып ішімдік сатқан саудагерлердің көп болғанын әркімнің іші біліп отыр. Күні ертең төтенше жағдай режимі алынатыны анық. Ең болмаса сол уақытқа дейін кәсіпкерлер табысты емес, тыныштықты ойласа екен дейміз.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабының негізінде конкурс тәсілімен Университеттің барлық аумақтарын күзету мақсатында күзет қызметін сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын қызметтердің көрсетілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап әлеуетті өнім беруші ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін көрсетуге тиісті.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;

2. Сатып алу нысаны болып табылатын қызметтерді көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;

4. Әлеуетті өнім беруші қызметтердің сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтерін немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса, сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Хабарландыру қосымшасында көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкестігін айқындау үшін дәлелді құжаттарын ұсынуы шарт;

7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші жылдық көрсетілетін қызметтерінің жалпы сомасының 5% мөлшеріндегі сомасын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі,Түркістан облысы Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын қажетті тауарлардың тізімі мен келісімшарт үлгісін http://ayu.edu.kz/ сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №204 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 08.02.2022 (10:00), №204 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №204 кабинетте қабылданады.

«Холмстардың» қолы жүргелі тұр

«Қаңтар трагедиясы» Қазақстандағы құқық қорғау жүйесіне қатысты екіұдай пікір қалдырып кетті. Елдегі кейбір погондылардың сатқындығын қасық қаны қалғанша антқа адалдық танытқан әріптестерінің жанқияр ерлігі жуып жібергендей. Сонда да болса соңғы жағдайлар халықтың құқық қорғау органдарына деген сеніміне селкеу түсірді. Осындайда істі болғандарды ақтап, хабарсыз кеткендерді табу үшін жеке детективтерден көмек сұрайтындардың саны артуы әбден мүмкін. Алайда елімізде детективтер жұмысын реттейтін заң жоқ.

Шынболат КҮЗЕКБАЙ

Қуаныш САПАРБАЙ *(коллаж)*

Шыны керек, Қазақстанда заңды белшесінен басып, басына іс түскенде құқық органдарының баламалы нұсқасының көмегіне жүгінетіндердің қарасы анау айтарлықтай қалың емес. Оның үстіне, ақылы негізде қызмет көрсететін жеке детективтердің қызметі қарапайым халықтың қалтасына әжептеуір салмақ салады. Біле білгенге «Қаңтар трагедиясы» сияқты жағдайда қосақ арасында ілініп, жаптымжала, жақтым күйенің құрбаны болғалы тұрғандарды ақтап алатын айғақтарды жинауда кәсіби детективтердің рөлі ерекше. Сонымен бірге балапан басымен, тұрымтай тұсымен күн кешкен шақта хабарсыз кеткендерді табуда да дәл осы сала қызметкерлеріне сенім артуға болады. Әлбетте, ақысын алған соң жеке із кесушілердің тапсырысты сапалы орындауға барын салады. Оған қоса, құқық қорғау органдарының қызметкерлері тайлы-тұяғымен «Қаңтар трагедиясы» қатысы барлардың соңына шам алып түскен шақта хабарсыз кеткендерді іздеу, жекелеген іске нақты тұлғалардың қатыстылығын жан-жақты анықтауда амалдың жоқтығынан детективтердің көмегіне жүгінуге тура келеді. Әдетте құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлерінен жасақталған мұндай агенттіктердің жұмысының қырсыры көпшілікке таңсық. Оның себебі де түсінікті. Тапсырыс беруші мен іске қатысты мәліметтердің құпиялылығы өз алдына, қазақстандық «Шерлок Холмстар» өздері туралы да ашылып айта қоймайды. Кинода ғана адамзаттың құтқарушысы болып көрінетін із кесушілер құпиялық қағидатын мейлінше берік ұстанады. Сонда да бірімен журналист, енді бірімен тапсырыс беруші ретінде сөйлескенде, еліміздегі жеке детективтерге қатысты аз-кем ақпарат алудың сәті түсті. Сонымен, қазақстандық детективтердің айтуынша, қақтығыс жағдайында жоғалғандарды іздеу, істі болғандарды ақтауға қатысты дәлелдәйекті жинау оңай шаруа емес көрінеді. Әрі олардың дені «Қаңтар трагедиясының» жекелеген эпизодтары бойынша әлі бірде-бір тапсырыс түспегенін айтты.

– «Қаңтар трагедиясынан» кейінгі жалпы жеке детектив агенттігі нарығы туралы толық айта алмаймын. Бірақ менің жеке өзімнен соңғы оқиғаларға байланысты туған-туысын немесе қолды болған дүние-мүлкін іздегендер әлі көмек сұрай қоймады. Қазір бұл іспен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, адвокаттар, заңгерлер айналысып жатыр. Хабарсыз кеткендер бойынша ресми мәлімет ұсынатын жедел желі де іске қосылды. Менің ойымша, бұл оқиға бойынша детективтердің көмегіне жүгінетіндер көп болады, – дейді «Қалқан» қауіпсіздік сарапшылары қоғамдық бірлестігінің төрағасы Рустам Мырзабаев.

Ішкі істер органдары саласындағы оперативтік қызмет бойынша 20 жылдық тәжірибесін жеке із кезушілікпен ұштастырған кәсіби маман бүлік құрбандарына қатысты іс жүргізудің детективтердің құзіреті жайында да аз-кем әңгімелеп берді.

– Детективтер мұнда да айғақтарды жинаумен айналысады. Тапсырыс берушінің немесе оны туысының бүлікке қатыспағаны туралы дәлелдер базасын жинақтаймыз. Бүлікке қатысқан күннің өзінде оның ешқандай теріс пиғылда болмағанын дәлелдеу керек. Бұл жағдайда оның туған-туыстары, таныстары арқылы қолжетімді ақпараттарды жинап, саралауға барымызды саламыз. Қолжетімді дегенім, детектив жинауға болатын мәліметтердің арнаулы регламенті бар. Ал Алматыдағы жағдай бойынша іс жүргізу шынында қиындау. Мұндай тапсырыс түссе, әр жағдайды жеке-жеке қарастыруға тура келеді, – дейді Р. Мырзабаев.

Детективтер мұнда да айғақтарды жинаумен айналысады. Тапсырыс берушінің немесе оны туысының бүлікке қатыспағаны туралы дәлелдер базасын жинақтаймыз. Бүлікке қатысқан күннің өзінде оның ешқандай теріс пиғылда болмағанын дәлелдеу керек. Бұл жағдайда оның туған-туыстары, таныстары арқылы қолжетімді ақпараттарды жинап, саралауға барымызды саламыз.

Демек, әзірге «Қаңтар трагедиясы» бойынша қамауға алынғандар мен хабарсыз кеткендердің туған-туыстары ресми органдардың жұмысынан нәтиже күтумен жүрген сыңайлы. Мұндайда олар қалтасы көтерсе, жеке детектив агенттіктерінің көмегіне жүгінуге құқылы екенін де ұмытпағаны жөн. Бір қызығы, елімізде жеке детектив агенттерінің қызметіне рұқсат жоқ. Сол секілді із кесушілердің жеке іс жүргізуіне заң жүзінде тыйым да салынбаған. Саланы реттейтін заң болмағандықтан, детективтер қызмет ақысын да қалауынша қояды. Әрі оның жағдайға байланысты қырық құбылатынын ұмытпау да керек. Алматыдағы дүрбелеңде туысынан айырылған тапсырыс беруші кейпінде мегополистегі бірқатар детективке хабарласып көрдік. Өзін Ерлан деп таныстырған із кесуші 250 мың теңгеге жоғалған туысымызды тауып бере алатынын айтты. Аты-жөнін атамаған енді бір алматылық «Шерлок Холмс» өзімізді сұрақтың астына алды. Туысымызға қатысты барлық мәліметті алған ол жағдайды түсініп, іздестіру жұмыстарын 150 мың теңгеге жүргізуге келісті. Олардың талабы бойынша, іздеуді бастау үшін туысымызға қатысты барлық мәлімет пен бірге келісілген соманың 50 пайызын төлеуіміз керек екен.

Әрине, тапсырыс беріп, жеке детективтердің қарым-қабілетін іс жүзінде сынап көрмеген соң олардың қызметінің сапасына қатысты сын айту қиын. Сол секілді олардың жұмысының тиімділігіне баға беру де біздің құзыретімізде емес. Бастысы, ақылы қызмет көрсететін «Агент 007»-лердегі әділдік танбай ақты ақ, қараны қара деп танудан жаңылмаса болғаны. Дегенмен сала мамандары бізде жеке детективтер жүргізген іске құқықтық сипат беруде қиындықтар бар екенін жасырмады.

– Бізде жеке детективтердің қызметі арнаулы құқықтық база шеңберінде реттеледі. Бірақ ондағы регламенттер де детективтің іс жүргізу кезінде қандай қадамға бара алатыны немесе нендей әрекетке тыйым салынғаны ашық көрсетілмеген. Шетелдерде жеке детективтер арнаулы заңсыз-ақ жұмыс істей береді. Олар өз қызметін Қылмыстық кодекс, Салық кодексі, кәсіпкерлік туралы заңнамалық құжаттарға сай жүзеге асырады. Бізде салаға қатысты арнайы заң қабылданатын болса, ол заң шын мәнінде жұмыс істеуі керек. Болмаса детектив жұмысына қатысты регламенттерді бекіту жеткілікті. Ең бастысы, детективтерге құқықтық еркіндік беріліп, олар жинаған материалдар сотта айғақ ретінде қарастырылса болғаны, – дейді Р.Мырзабаев.

Жалпы, қазақстандық жеке із кесушілердің жұмысын заңмен реттеу мәселесі 2004 жылдан бері шешімін таппай келеді. Кейіннен әзірленген заң жобаларының дені детективтердің жұмысын мейлінше шектейтіні айтылды. Сондықтан соңғы жағдайларға байланысты Президент тапсырмасымен еліміздегі құқық қорғау жүйесін реформалау кезінде кешенді жұмыстың бір бағыты ретінде жеке детектив агенттіктерінің мүмкіндігі қаперде болғаны жөн секілді.

P.S.

Қандай істе болмасын жеке детектив жалдауға қатысты қазақ қоғамындағы көзқарас белгілі. Детектив тұрмақ, ұсақ-түйек құқықбұзушылыққа қолды бір сілтеп, полицияға арыз айтып баруға да мойнымыздың жар бере бермейтіні бар. Соған қарамастан әділдікке жетуге ниеттілер үшін жеке детектив агенттіктерінің жұмысын заңмен реттейтін шақ туды. Әрі қазіргідей құқық қорғау органдарына сенім түгесілген сәтте көпшілік те бұл қадамды қолдайтыны анық.

Ескі көлігін ӨТКІЗЕ АЛМАЙ ЖҮР

Шымкент қаласында ескі көліктерді өткізумен айналысып, нәпақасын тауып жүрген бір топ азамат наразылыққа шықты. Айтуларынша ескі көліктерді қабылдап жүрген утилизация орталығы жұмысын тоқтатып қойған. Тіпті, көлік бойынша қызмет көрсететін орталық та ескі көліктердің құжаттарын рәсімдеуден бас тартыпты.

ЕСКІ КӨЛІК ӨТКІЗУДІ КӘСІП ЕТКЕНДЕР АЛАҢДАУЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда Мәжілістің жалпы отырысында утильдік алым мөлшерлемесін қайта қарауды тапсырған. «Кәсіпкерлер мен жалпы қоғамда «Оператор РОП» компаниясының қызметі көптеген сұрақ туындатып отыр. Тіпті, осы жеке компанияға қарсы қоғамдық қозғалыс та ұйымдастырылды. Мен Үкіметке «Оператор РОП» утильдік алым жинауын әкімшілендіруді тыйым салуын тапсырамын. Мұнымен шет мемлекеттердегідей мемлекеттік ұйым айналысуы керек. Алымдардың өзіне келсек, олардың ставкасы қайта қаралуы тиіс», – деді Президент.

Бұл жаңалық қоғамда үлкен пікірталас тудырып, мұны қолдаушылар қатары артты. Себебі осының салдарынан автокөлік құны қымбаттады және алым бір ғана адамның қалтасына түсіп отыр деген пікір бар.

Шымкенттегі утилизация жұмысының бірден тоқтауына да Мемлекет басшысының осынау тапсырмасы сеп болса керек. Алайда бұл жаңалыққа осы істі кәсіп қылғандар аса қуанған жоқ. Жаңалыққа жатырқай қарағандар «қалай болғанда да, бұл біздің балашағамызды асырап отырған кәсібіміз» дейді.

Қала шетіне орналасқан утилизация орталығына жиналған 40 шақты азамат бұл мәселенің ертерек шешімін табуын сұрайды. «Утильалым мемлекет меншігіне өтіп, тезірек шешілсе екен. Бар ақшамызды құйып, ескі көлік сатып алғанбыз, енді оны қабылдамай отыр», – дейді Шымкент қаласының тұрғыны Мұрат Ақылбайұлы. Осынау кәсіпті нәсіп еткендер мәселенің қалай шешілетініне алаңдаулы. Олар утильалымның мемлекет меншігіне өткен күнде де қолдарындағы сертификаты жарамсыз болып қала ма деп қауіптенеді. Одан бөлек, күн сайын автотұраққа төлеп жатқан 1 000 теңге де қалтаға едәуір салмақ салып отырған. «Менде 3 трактор бар. Олардың әрқайсысын 800 мың теңгеден сатып алғанмын. Оны тасымалдау, құжатын реттеу шараларына да аз шығынданған жоқпын. Күнделікті автотұрақ мәселесі де қиын. Енді міне қабылдамай жатыр. Ертерек ашып, қабылдаса екен деген сұранысымыз бар», – дейді ол.

АЛҒАШҚЫ ЖАРНА ҮШІН 2 ЖҮК КӨЛІГІ

Мұнда 1 ауыр жүк көлігін (оның ішінде ауылшаруашылық техникалары да кіреді) өткізген адамға ақшаның орнына 1 миллион теңгенің жеңілдік сертификатын береді екен. Яғни, 2 сертификатқа қол жеткізсе, отандық автокөлік алуға мүмкіндік бар. Екі сертификат алғашқы жарна ретінде автосалонға өткізіліп, қалған қаржы несиеге рәсімделеді. 2 сертификатқа енді ғана қол жеткізген Арман Оралбаев есімді азаматқа мына ақпарат қатты соққы болған. Жаздыкүні бір сертификат алса, тағы бір сертификат алу үшін жүк көлігін өткізіпті. Алайда енді автосалондар сертификатты қабылдамай жатыр, жарты жылдан кейін қолдағы қағаз жарамсыз болып қалады. Осы жағдайға алаңдаған соң наразылыққа шығуға мәжбүр болған. «Мына заңды құжатымызды өткізе аламыз ба, әлде қағаз болып қала ма?» деген күмәніміз бар» дейді ол.

Жиналғандардың арасында ауыл шаруашылығы техникасын алып келгендер көп. Ал Ержан Алтынбеков есімді азамат 3 жеңіл көлік өткізіп, 750 мың теңгенің жеңілдік сертификатын алған екен. Алайда қолына ақша да емес, бір жапырақ қағаз ұстап отыр. Қарапайым халық үшін тосыннан келген бұл жаңалық ауыр болып тұрғанын жеткізді ол. Шалғай ауылдардағы шаруалар техникасы жарамсыз болып қалса, осында өткізеді екен. Алдын ала ескертілмегендіктен барлығы да жаңа жыл басталысымен ескі көліктерін жеткізіп қойған.

Түсінгеніміздей, ауыл-аймақтан ескі көлікті жинайтындар жеңіл көлікті 170-180 мың теңгеге, жүк көлігін 800 мың теңге көлеміндегі қаржыға сатып алады. Құжат жұмыстарына 10 мың теңге көлемінде шығын жұмсаса, оған тағы жол шығыны қосылады. Ал мұндағылар оны 210 мың теңгеге бағалап, сатып алады екен. Жүк көлігі 1 миллион теңге жобасында бағаланады. Құжаттандыру шаралары толық аяқталған соң ақша 3 күннің ішінде есепшоттарына түсіп отырған. Мұнда құжаты ресімделіп үлгермеген, үлгерсе де ақшасы алынбаған 100-ге тарта автокөлік бар екен. Арасында әрқайсысы 3-4 миллион теңге шығарып, 3-4 жүк көліктерін әкеліп отырғандар да бар. Ал кәдеге жарату орталығы жұмысты бірден тоқтатқан.

Бұл мәселеге нақты жауап беретін утилизация орталығында қарауылдан басқа ешкім жоқ. Ал Автосалон call-centre мамандары қазір сертификат қабылдай алмайтынын растады. «Утилизация компаниясы жұмыс істемейінше, біз де қашан қабылдайтынымыз әзірге белгісіз», – дейді олар.

Өздеріне қоғам назарын аударткан топтың бар мақсаты – кәсібінен айырылып қалмау. Ал мемлекет деңгейіндегі мәселемен Экология министрлігі айналысып жатқан сыңайлы. Арнайы жұмыс тобы да құрылыпты. Маңыздысы – халыққа тиімді жағы қарастырылса болғаны. Алайда жұмыс тобы қарапайым халықтан құралған, осы кәсіппен айналысып, отбасын асырап жүрген азаматтардың шыққан шығынын ұмытып кетпесе игі.

> *Жиналғандардың арасында ауыл шаруашылығы техникасын алып келгендер көп. Ал Ержан Алтынбеков есімді азамат 3 жеңіл көлік өткізіп, 750 мың теңгенің жеңілдік сертификатын алған екен. Алайда қолына ақша да емес, бір жапырақ қағаз ұстап отыр. Қарапайым халық үшін тосыннан келген бұл жаңалық ауыр болып тұрғанын жеткізді ол.*

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Тұнғыш сәби ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы халыққа арнаған Жолдауында елімізде «Аңсаған сәби» бағдарламасын жүзеге асырып, ЭКҰ бағдарламасы бойынша квота санын 7 есеге арттыруды, яғни 7 мыңға дейін көбейтуді тапсырған еді. Денсаулық сақтау министрлігі 2021 жылдың 11 айында осы бағдарлама көмегімен 40 сәбидің дүниеге келгенін хабарлаған болатын.

Аталған министрліктің Ана мен бала денсаулығын қорғау департаментінің директоры Мағрипа Ембергенова: «10 қарашадағы жағдай бойынша «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша 6 мың емделушіге экоұрықтандыру жасалды. Бұл – бүкіл жоспарлы көлемнің 84 пайызы деген сөз. Тағы 740 пациент осы бағдарламаға қатыса бастады. 2 000-нан астам жүкті әйел есепке алынды. Алдағы бес жылда «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша нәресте сүю мүмкіндігі жыл сайын 7 000 жұпқа берілмек. «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы шеңберінде 2025 жылға дейін жыл сайын бедеулігі расталған 7 000 жұпқа міндетті медициналық сақтандыру аясында «эко» жасату қарастырылған» деген еді Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте. Министрлік өкілдері биылғы 10 қаңтардағы жағдай бойынша (2021 жылды қоса есептегенде) 360 сәби дүние есігін ашқанын, оның 181-і ұл, 179-і қыз бала екенін жеткізді.

Жақында Шығыс Қазақстанда «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша тұңғыш нәресте өмірге келді. Бағдарламаның шапағатын көріп, алғаш рет ана бақытына ие болған Өскемен тұрғыны Алена Долгих осы сәтті 2016 жылдан бері тағатсыздана күткендерін айтады. «Бірнеше жыл бойы бала көтере алмағандықтан әуелі Өскемендегі Ана мен бала орталығына барып қаралдым. Сондағы дәрігерлер ем-дом тағайындағанымен, еш нәтиже болмады. 2020 жылы ЭКО-ға квота алу үшін құжаттарымды жинап, тиісті жерге өткіздім. Шынымды айтсам, кезегім осыншама тез келеді деп ойламаған едім. Оған Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Аңсаған сәби» бағдарламасын іске қосуы себеп болды. Осының арқасында квота саны артып, кезек тез жылжыды. Құдайға шүкір, бәрі ойдағыдай болды. Елордаға барып, экстракорпоралды ұрықтандыру жасаттым. Бірінші реттен оң нәтиже болып, құрсағыма сәби бітті. Ұлдың салмағы – 3661 грамм, бойы – 52 см. Өзімізді сондай бақытты сезінудеміз. Барлық жұмыстар тегін болып, отбасымыздан еш шығын шыққан жоқ. Ұлымыздың атын Марк деп қойдық», – дейді Алена Долгих.

ЭКҰ бағдарламасы елімізде 2010 жылдан бастап медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне қосылғаны белгілі. Бүгінде елімізде 26 ЭКО орталық жұмыс істейді. Оның 21-і – жекеменшік. Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі былтыр ЭКО бағдарламасының көмегімен 22 мыңнан астам бала дүниеге келгенін, республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының мәліметі бойынша елімізде 9 467 әйел бедеулік диагнозымен есепте тұрғанын құлағдар еткен болатын.

Облыстық Денсаулық сақтау басқармасы баспасөз қызметінің жетекшісі Әсем Қайратбекқызының айтуынша, 2021 жылы «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша Шығыс Қазақстанға 500 квота бөлініп, кезекте тұрған 852 адамның 500-і осы жеңілдікті иеленіпті. Биыл аймақта тағы 272 адамға квота берілмек.

Көп жыл кезекте тұрып, квота күтіп жүрген ата-аналар мемлекет тарапынан осындай мүмкіндік беріліп, тиісті жағдай жасалып жатқанына ризашылықтарын білдіріп, бұған әуелде сенер-сенбесін білмегендіктерін де жасырмады. «Квотаға қол жеткізген аналар атынан осы жұмыстың басы-қасында жүрген, «Аңсаған сәби» бағдарламасының Шығыс Қазақстан облысы бойынша үйлестірушісі, ЭКО дәрігер, акушер-гинеколог Нәдира Сіләмхановаға алғысымызды айтқымыз келеді. Әуелде қиындықтар көп болды. Не істеріміздің білмедік. «ЭКО бағдарламасы арқылы бала көтеруге болады» дегенді алғаш естігенде қуанғанымызбен, екінші жағынан «Қалай болар екен?» деп алаңдағанымыз да рас. Біз бір жылдай қаладағы «Экомед Өскемен» клиникасында қаралдық, квота туралы осы жерден естідік. Облыстық Денсаулық сақтау басқармасына келіп, білікті маман Нәдира Сіләмханқызымен таныстық, барлығын мұқият түсіндіріп берді. Кезегіміз келіп, құжаттардың бәрін әзірлеп, Шымкентке бардық. Бәрі ойдағыдай болды. Осындай өз ісін жетік білетін мамандар елімізде көп болса дейміз», – дейді Албина Сәденова есімді Өскемен тұрғыны.

«Аңсаған сәби» бағдарламасының Шығыс Қазақстан облысы бойынша үйлестірушісі Нәдира Сіләмханова Президенттің пәрменінен кейін квотаға өтініш беруші ата-аналардың саны артқанын айтады. «Әуелде ата-аналардың көпшілігі бағдарламадан хабарсыз болғаны рас. Қазір бәрі естіп, кезекке жазылып, алды көптен күткен сәбилерін сүйіп те үлгерді. «Аңсаған сәби» – қоғам үшін өте қажет бағдарлама. Алдағы уақытта да жалғасын тауып, талай шаңыраққа қуаныш сыйлай береді деп сенеміз», – дейді бала күткен ата-аналардың алғысын алып жүрген дәрігер.

Азамат ҚАСЫМ,
Шығыс Қазақстан облысы

Алматы әсем қалпына қашан оралады?

5 қаңтарда басталған жаппай тәртіпсіздік пен түрлі террорлық әрекеттерден зардап шеккен Алматының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру шаралары жалғасып жатыр. Мегаполисте барлық саладағы қызметтер қайта жандана бастады. Бұл туралы қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен штаб отырысында түрлі құрылымдар мен басқарма басшылары жасаған баяндамалардан білдік.

ӘКІМДІК ҒИМАРАТЫ – 20 МЛРД ТЕҢГЕ

Дүрбелең кезінде елді елең еткізген оқиғаның бірі – қалалық әкімдіктің отқа орануы. Салдарынан ғимарат жарамсыз болып қалған болатын. Осы сұраққа әкімнің орынбасары Илияс Өсеров жауап берді. Оның айтуынша, аталған ғимаратқа келген шығын көлемі – 20 миллиард теңге. Яғни, қайта қалпына келтіру үшін осындай қаражат кетеді деген сөз. Өсеров мырза қаладағы бүлінген басқа да мемлекеттік маңызы бар нысандардың тізімі мен келтірілген шығын көлемін тізіп шықты. Мәселен, әкімдіктен бөлек қалалық прокуратураға 2 млрд теңге, Полиция департаменті мен соған қарасты бірнеше басқармаға 205 миллион теңге көлемінде шығын келсе, оған қоса қала шетіндегі экологиялық бірнеше постқа 163 млн және медициналық нысандарға 2 млн теңгенің залалы келгені анықталған.

Аталған нысандарға келген залалдың жалпы құны – 22,6 млрд теңге.

Осы жерде айтылған нақтыланған бір деректі айта кетсек. Соңғы есептеулер бойынша Алматы экономикасы 112,6 млрд теңге зардап шегіп отыр. Оның 67 миллиарды бизнес субъектілеріне тиесілі. Атап айтқанда, шағын және орта бизнес нысандары 42 млрд теңге шығынға батса, ірі кәсіпорындардың шығыны – 25 млрд теңге.

Сондай-ақ қаржы ұйымдарында (банк бөлімшелері мен банкоматтар) 701,7 млн теңгенің мүлкіне залал (ұрланған, бүлінген) келген.

МЕТРО ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Төтенше жағдай жарияланғалы бері тұрғындардың қауіпсіздігі үшін жұмысын уақытша тоқтатқан «АлматыМетро» қызметі аптаның алғашқы күнінен бастап өз қызметін бастады. Сондай-ақ бүгінде барлық 151 бағыт бойынша 1600 қоғамдық көлік таңғы 8.00-ден кешкі 21.00-ге дейін тұрғындарға қызмет көрсетіп жатыр. Қалалық мобилді басқармасының басшысы Ғани Мырзахановтың айтуынша, тәртіпсіздік кезінде жалпы саны 28 жолаушы таситын автобустарға түрлі дәрежеде зақым келген. Бүгінде оның 16-сы қалпына келтірілсе, қалған 12 көлік қаңтар айының аяғында тұрғындарға қызмет көрсетуге шығады. Тәртіпсіздік кезінде қоғамдық көліктердің өзімен бірге түрлі автопарк нысандарына да зақым келген. Жалпы саны 43 автобус павильоны бүлінген. Оның 23-і жөнделіп, қалғанын қалпына келтіру жұмыстары қаңтар айының соңына дейін аяқталмақ.

Әкімдіктің берген дерегінше, сол күндерде 121 түрлі жол белгілері мен 46 бағдаршам бүлініп істен шықса, бұл күнде оның барлығы толықтай қалпына келтіріліп үлгерген. Сонымен қатар Алматы халықаралық әуежайы да штаттық режимде өз жұмысын атқарып тұр.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚОРЫ ЕКІ АЙҒА ҒАНА ЖЕТКІЛІКТІ

Тұрғындар үшін азық-түліктен кейінгі ең қажетті әлеуметтік маңызы бар тауарлар қатарына дәрі-дәрмектер жататыны белгілі. Штаб отырысына қатысқан шенділердің сөзінше, бүгінде қалада 975 дәріхананың 920-сы штаттық режимде қызмет көрсетіп тұр. Олардың барлығы қажетті дәрі-дәрмектермен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілген. Қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалиннің сөзіне сенсек, бүгінде Алматыдағы фармацевтикалық қоймаларда екі айға жететін 15,5 млн бірлікті құрайтын дәрі-дәрмек қоры бар екен. Шенеунік бұл көлем қаладағы осы өнімдерге тапшылықты азайтатынына сенімді екенін жеткізді.

37 ПӘТЕРГЕ ЗАҚЫМ КЕЛГЕН, БІРАҚ ӘЗІР ЖӨНДЕЛМЕЙДІ

Тәртіпсіздіктер кезінде қаладағы орталық алаңға жақын тұстағы Назарбаев - Сәтбаев көшесі қиылысындағы тұрғын үйлердегі 37 пәтерге зақым келген. Қала әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаевтың баяндауынша, бүгінде аталған 37 пәтер толық тексерілген. Оның айтуынша, арнайы мамандар залал келген жерлерді есептеп жатыр, оған бірнеше күн кететін көрінеді.

Өкініштісі, одан кейін де пәтерлерді жөндеу жұмыстары басталып кетпейді. Себебі тергеу шаралары бітпеген. Әзірбаевтың айтуынша, бұл туралы тұрғындар мен ПИК-ке хабарланып қойған.

Мегаполис басшысының сөзіне сенсек, бұл шығындар жергілікті бюджет есебінен қалпына келтірілетін болады.

САҒЫНТАЕВҚА ҚОЙЫЛМАҒАН САУАЛДАР

Штаб отырысын БАҚ өкілдері монитор арқылы ғана тамашалап отырды. Бір топ журналистің қала әкімінен жауап алармыз деген үміті ақталмады. Әкімнің баспасөз хатшысы ол кісінің шықпайтынын, кесте бойынша тағы да жиналыстары бар екенін айтты.

Қорыта келгенде, Алматы өзінің бұрынғы айшықты күндеріне қайта оралуы үшін алғашқы қадамдар жасалып жатқаны байқалады. Шығын көлемі де аз емес. Шаш етектен деуге болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен қала басшылығына бірлесе әрекет ете отырып, мегаполисті қалпына келтіруге 6 ай уақыт берген болатын. Президент тапсырмасы қаншалықты тиянақты орындалары уақыт еншісі мен жауапты шенеуніктердің іскерлігі мен біліктілігіне байланысты болмақ.

Нұрболат АДЫРБЕК,
Алматы

Бублик чемпионатты жеңіспен бастады

Қазақстанның бірінші, әлемнің 35-ракеткасы Александр Бублик Аустралия ашық чемпионатының екінші айналымына өтті.

Қазақстандық теннисші бірінші айналымда дүниежүзілік рейтингте 141-орында тұрған американдық Эрнесто Эскобедомен шеберлік байқасып, қарсыласын жарыс жолынан шығарды.

Бір қызығы, американдық теннисшіні іріктеу сайыстарының финалында Михаил Кукушкин 6:4, 5:7, 7:5 есебімен жеңген болатын. Соған қарамастан Эскобедо жарысты ұйымдастырушылардан арнайы шақырту алып, негізгі додаға қосылды.

Бірінші партияда американдық теннисші 6:3 есебімен басымдық танытты. Екінші сетте Бублик есе қайырды – 7:6 (7:5). Үшінші партияда да Александр қарсыласына дес берген жоқ – 6:3. Шешуші төртінші сетте қазақстандық теннисшінің мерейі үстем болды – 6:3.

Бублик 2 сағат 36 минутқа созылған тартысты бәсекеде 24 эйс жасап, 11 брейк-пойнттың төртеуін өз есебіне жазды. Қарсыласы 3 эйс, 2 брейктен (9 брейк-пойнт) аса алған жоқ.

Александрдың екінші айналымдағы қарсыласы мықты әрі тәжірибелі теннисші. Әлемнің 20, чемпионаттың 17-ракеткасы, 35 жастағы франциялық Гаэль Монфис. Ол алғашқы айналымда рейтингте 64-орындағы аргентиналық Федерико Корианы 6:1, 6:1, 6:3 есебімен оңай жеңді.

Екінші айналымда Монфис анық фаворит. Дегенмен қазақстандық жанкүйерлер Бубликтің 2020 жылғы Франция ашық чемпионатының алғашқы айналымында Монфисті күтпеген жерден 6:4, 7:5, 3:6, 6:3 есебімен жеңіп кеткенін әлі ұмыта қойған жоқ. Бұл жолы да Александр келесі кезеңге өтуге талпыныс жасап көреді.

Еске сала кетейік, жекелей сында Михаил Кукушкин мен Юлия Путинцева Аустралия ашық чемпионатының алғашқы айналымынан ары аса алмады.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Иманбек Spotify сыйлығына ие болды

Grammy сыйлығының иегері, қазақстандық саунд-продюсер Иманбек Зейкенов Spotify марапатына ие болды.

«Imanbek Billions Club-қа қосылды. Бұл оның Roses ремиксінің миллиардтан астам тыңдалым жинағанын білдіреді. Дәлірек айтқанда, 1,5 миллиардтан да көп»,– делінген хабарламада.

Диджей осы сыйлықты иеленген алғашқы қазақстандық әртіс атанды. Билли Айлиш, Трэвис Скотт, Adele және басқа да танымал музыканттар плейлисте Иманбекпен бір қатарда тұр.

«Иманбекті кезекті жетістігімен және клубқа қосылуымен құттықтаймыз. I is for Imanbek», – деп жазды Spotify Russia.

Еске салайық, 21 жастағы Иманбек Зейкенов – Grammy номинациясын жеңіп алған алғашқы қазақстандық. Ол Roses SAINt JHN композициясы үшін осы марапатқа ие болды. Оның нұсқасында Roses трегі хитке айналып, 20 аптадан астам уақыт қатарынан Billboard Hot 100 үздік ондығында тұрды.

Әбілмансұр ЖАСАН

«Ордабасы» қарызға батты

Шымкенттік «Ордабасы» футбол клубы ойыншыларына жалақы төлей алмағаны аздай, мемлекетке қыруар қарызы бар болып шықты.

Тек салықтар мен төлемдер бойынша «Ордабасының» 2 миллиард теңгеден астам берешегі бар. Егер қарыз жақын арада өтелмесе, шымкенттіктер жаңа маусымға қатыса алмайтыны белгілі болды.

Сонымен қатар клуб қызметкерлері 8 айдан бері жалақы алмағанын айтқан жөн. Бұған дейін түрлі БАҚ «Ордабасының» КПЛ-дағы орнын Шымкенттің намысын қорғайтын «Қыран» басуы мүмкін екенін жазған болатын. 2021 жылы маусымда бұл клуб Бірінші лига турнирін үшінші орынмен аяқтап, көңіл толатын нәтиже көрсеткен.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

Ақ Олимпиада таяп қалды

Қытайдың бас шаһары Бейжіңде алауы тұтанатын қысқы Олимпиаада ойындарының басталуына санаулы күндер қалды. Әлем тарихында қос Олимпиаданы қатар өткізген алғашқы қала атанатын шаһар дүбірлі доданы өткізуге тас-түйін дайын.

Абылайхан ЖҰМАШ

Төртжылдықтың басты жарысының салтанатты түрде ашылуы 2008 жылы жазғы Олимпиада ойындары өткен стадионда өтеді. Аталған рәсімге көрермендер қатыстырылмайтынына қарамастан, оны көгілдір экран арқылы тамашалайтындар саны көп болады деп күтіліп отыр. Ал спорттық бәсекелер ресми түрде ашылу салтанатынан екі күн бұрын басталады.

Қазір Бейжіңдегі Олимпиада және Паралимпиада ойындарына арнап салынған 12 спорттық нысанның барлығы аяқталды. Үш олимпиадалық ауыл, басты медиа-орталық, ұлттық стадион және өзге де нысандар толығымен қолданысқа берілді.

Дүбірлі додаға 95 елден келген 4 мыңнан аса спортшы қатысады. Саңлақтар 7 спорт түрі бойынша 109 медаль жиынтығын сарапқа салады. Олимпиада бағдарламасына биатлон, бобслей (бобслей, скелетон), керлинг, коньки спортының түрлері (коньки жарысы, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек), шаңғы спортының түрлері (тау-шаңғы жарысы, шаңғы қосайысы, шаңғы жарысы, тұғырдан секіру, фристайл, сноуборд), шана спорты, шайбалы хоккей енді. Бұдан өзге биылғы ақ Олимпиадаға 7 жаңа жарыс түрі қосылды. Олар – әйелдердің жекелей бобслейі, ерлер мен әйелдер арасындағы шаңғы биг-эйрі, шорт-тректі аралас эстафета, тұғырдан секіру, фристайл және сноуборд-кросс бойынша аралас командалық жарыстары.

Атап өтер жайт, тұңғыш рет қысқы Олимпиада ойындары тарихында ерлер мен әйелдер саны біршама теңесті. Бейжіңде әйелдер қатысатын жарыс алдыңғы Олимпиадалармен салыстырғанда әлдеқайда көп болмақ. Яғни, қатысушылардың 45 пайызын әйелдер құрайды. Халықаралық Олимпиада комитеті былтыр Токиода өткен жазғы Олимпия ойындарында да жолдамалардың 51 пайызын ерлерге, 49 пайызын әйелдерге үлестірген еді.

Жарысты ұйымдастырушылар марапаттау рәсімінің жоғары деңгейде өтуіне барынша жағдай жасамақ. Қаңтар айының басында марапаттау рәсімінің атрибуттары таныстырылды. Таныстырылым аясында көпшілікке гүлдер, тұғыр мен марапаттаушылардың киімдері көрсетілді. Айта кетелік, Олимпиада жеңімпаздары гүлден бөлек, арнайы тапсырыспен дайындалған ойынның бойтұмарын да сыйға алады.

> *Тұңғыш рет қысқы Олимпиада ойындары тарихында ерлер мен әйелдер саны біршама теңесті. Бейжіңде әйелдер қатысатын жарыс алдыңғы Олимпиадалармен салыстырғанда әлдеқайда көп болмақ. Яғни, қатысушылардың 45 пайызын әйелдер құрайды. Халықаралық Олимпиада комитеті былтыр Токиода өткен жазғы Олимпия ойындарында да жолдамалардың 51 пайызын ерлерге, 49 пайызын әйелдерге үлестірген еді.*

Енді жарыс өтетін негізгі үш қалаға тоқталайық. Олимпия ойындары Бейжің мен оның маңайындағы Яньцинь және Чжанцзякоу қаларында ұйымдастырылады. 2008 жылғы жазғы Олимпиадаға арнап салынған спорт нысандарында қысқы Олимпиаданың керлинг, хоккей, конькимен жүгіру спорты, сондай-ақ ерлер мен әйелдер арасындағы сноубординг пен шаңғы фристайлындағы биг-эйр секілді жарыстар өткізіледі. Бейжіңнен солтүстік-батысқа қарай 80 шақырым жерде орналасқан Яньцинде шаңғы, бобслей, скелетон және шана спортының жүлделері сарапқа салынады. Бейжіңнің солтүстік-батысындағы көршілес Хэбэй провинциясына жақын орналасқан Чжанцзякоу қаласында сноубординг, шаңғы спортының барлық түрі және биатлон жарыстары өтеді.

Олимпиададағы ауылдар саны да үшеу. Ойын өтетін әр кластерде бір ауылдан бар. Бұл спортшыларға ыңғайлы болуы үшін жасалған қадам. Үш олимпиадалық ауылдың жалпы аумағы – 330 мың шаршы метрді құрайды. Спортшылар 20 ғимаратқа орналастырылады. Кейіннен аталған нысандар тұрғын үйге айналып, халық игілігіне беріледі.

Олимпиадалық ауылда спортпен шұғылдануға барлық жағдай жасалған. Фитнес құралының 27 түрі бар, жалпы саны 139 тренажер қолданысқа беріледі. Мұндағы фитнес орталық та тәулік бойы жұмыс істейді. Сондай-ақ әр олимпиадалық ауылда 18 бөлімшесі бар үлкен аурухана болады. Егер спортшылардың бірінен коронавирус анықталса, оны жедел жәрдеммен басқа ауруханаға алып кетеді.

Тағы бір қызық дерек, жарысқа қатысушыларға арналған ас мәзірі 4 жыл бойы дайындалыпты. Мәзірге 678 тағам енген. Осы орайда біраз жайт есепке алынған: диета, діни көзқарас және тағы да басқа (вегетериандық ас, халал тамақ). Әрине, ас мәзірінде дәстүрлі қытай тағамдары да бар.

Күні кеше Халықаралық Олимпиада комитеті 2022 жылғы Бейжің Олимпиадасында ковидке қарсы шаралардың Токиомен салыстырғанда қатал болатынын мәлімдеді. Өткен Олимпиадамен салыстырғанда Бейжіңде бірқатар өзгеріс, айырмашылық бар. Біріншіден, жарысқа қатысушылар «жабық жүйеге» өту үшін міндетті түрде толығымен вакцина алған болуы тиіс. Екіншіден, әр қатысушы күн сайын ПТР-тест тапсырады. Ал Токиода олимпиадалық ауылға кіретін тұлғаларға ғана күн сайын ПТР тапсыру міндеттелген болатын.

Қорыта айтқанда, ақпанның алғашқы күндері әлем назары Қытай астанасына ауады. Алдымен 4-і күні қысқы Олимпиаданың ашылу салтанаты өтеді. Мұнан кейін барлық жарыс түрінен бәсекелер басталады. Өз кезегінде жарысты ұйымдастырушылар дүбірлі дода кезінде жаңа технологияларды кеңінен қолданып, спорттық іс-шара ұйымдастырудың ең озық үлгісін көрсетпек.

Қазақстандықтар шетелге 921,3 млрд теңге аударған

Қазақстан экономикасын бақылау жөніндегі жоба деректері бойынша, қазақстандықтар 2021 жылы 11 айдың ішінде шетелге 921,3 миллиард теңге аударған. Бұл 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 29,2 пайызға көп. Демек, сыртқа кетіп жатқан қаржы мөлшері артқан.

Былтыр отандастарымызға шетелден 256,2 миллиард теңге түскен. 2020 жылға қарағанда 0,8 пайызға азайған. Осылай шетелге жіберілген және шетелден алынған қаражат көлемі арасындағы айырмашылық бір жыл ішінде 2,8-ден 3,6 есеге дейін өсіп отыр.

Еліміздің ең көп қаржы көршіміз Өзбекстанға аударылған – 278,5 миллиард теңге жөнелтіппіз. Бұдан кейінгі орында – Түркия. Қазақстандықтар былтыр 11 айда бұл елге 189,2 миллиард теңге аударған. Үздік үштікте Ресейге 162,1 миллиард теңге кеткен. Осы 3 ел сыртқа кеткен қаржымыздың 3/2 бөлігінен астамын иемденіп отыр.

Ал елімізге келген ақшаның 48,7 миллиард теңгесі Ресейдің үлесінде. Екінші орында Өзбекстан тұр, бұл елден 44,5 миллиард теңге Қазақстанға жіберілген. Одан кейін Оңтүстік Корея елі орналасты. 36,2 миллиард теңге келген. Кореяға еңбек ету үшін қазақстандықтардың көп баратынын білеміз. Онда жұмыс істеп жүрген отандастарымыз елдегі жақындарына ақша аударып тұрады. Соның арқасында бұл ел үздік үштікке кірді.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

NUR MEDIA
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – **Бақытжан ТҰРЛЫБЕКОВ**
Бас редактор – **Нұрмұхамед БАЙҒАРА**
Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Азамат ҚАСЫМ – Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8 (777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4058
Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Мадияр ТӨЛЕУ